



Газет 1935 жылғы қазан айынан шығады

# Алақөл

Аудандық қоғамдық-саяси газет

Районная общественно-политическая газета

№35 (8121) 31. 08. 2024.  
Сенбі / Суббота



## Аудан әкімі А. Абдиновтың ҚР Конституциясы күнімен ҚҰТТЫҚТАУЫ

### Құрметті Алақөлдiктер!

Сiздердi Қазақстан Республикасы Конституциясы күнiмен шын жүректен құттықтаймын!

Ата заңымыз – мемлекеттiлiгiмiздiң мызғымас тiрегi әрi елiмiздiң саяси және қоғамдық құрылысын, айнымас құндылықтары мен даму жолындағы стратегиялық бағыт-бағдарын айқындайтын басты құжатымыз.

Елiмiздiң Ата заңы – мемлекеттiлiгiмiздiң берiк iргетасын қалап, iшкi саяси тұрақтылықты қамтамасыз етуге және Қазақстан қоғамын бiрiктiруге негiзi.

Бiз Мемлекет басшысы тапсырған жоспарлы жұмыстарды жүзеге асыруда межелi мiндеттерге қол жеткiзе алуымыз қажет. Ол үшiн мызғымас бiрлiк пен тұғырлы татулығымызды алға қойып, айбарлы Ата заңымыз айқындап берген бағытпен қадам басқанымыз абзал.

Жалпыға бiрдей жол ашатын Әдiлеттi Қазақстанды құру үшiн Конституция қағидалары қатаң сақталып қана қоймай, қоғамның сана-сезiмiне бiржола орнығуға тиiс. «Адал азамат» деген атқа лайық әрбiр адам Ата заңның биiк мұраттарын қолдайтынына және оны өмiрлiк ұстанымына айналдыратынына нық сенiмдiмiн.

### Құрметтi жерлестер!

Сiздердi Мемлекетiмiз үшiн аса маңызды мереке Конституция күнiмен құттықтай отырып, зор денсаулық, мейiрiм мен молшылық, әр шаңыраққа құт - береке, ырыс пен ынтымақ тiлеймiн.

Ел iргесi аман, келешегiмiз кемел болсын!  
Мереке құтты болсын!

## ПОЗДРАВЛЕНИЕ акима района А.Абдинова с Днем Конституции РК

### Дорогие жители района!

От всей души поздравляю вас с Днем Конституции Республики Казахстан!

Конституция – это незыблемая опора нашей государственности и основной документ, определяющий политическое и социальное устройство страны, ее неизменные ценности и стратегические направления развития.

Конституция закладывает прочный фундамент нашей государственности, обеспечивает основу внутривнутриполитической стабильности и объединяет казахстанское общество.

Нам необходимо суметь достичь поставленных целей в реализации намеченных работ, порученных Главой государства. Для этого лучше продемонстрировать наше непоколебимое единство и прочный мир и сделать шаг в направлении, определенном нашей уважаемой Конституцией.

Для создания справедливого Казахстана, открывающего путь всем, принципы Конституции должны не только строго соблюдаться, но и прочно закрепиться в сознании общества. Я твердо верю, что каждый человек, который достоин звания «честный гражданин», поддерживает высокие идеалы Конституции и делает их своей жизненной позицией.

### Дорогие алақөльцi!

Поздравляя вас с очень важным праздником для нашей страны, желаю крепкого здоровья, добра и изобилия, благополучия, счастья и сплоченности каждой семье.

Пусть страна будет в безопасности, и пусть наше будущее будет идеальным!

С праздником вас!

## Жаңа нысан – Жаңа үміт

Алақөл ауданында орналасқан Арқарлы мен Бибақан ауылдарында жаңа медициналық нысандар іске қосылды. Бұл нысандардың ашылуы Қазақстан Республикасының Конституциясы күніне орайластырылған. Ауыл тұрғындары үшін бұл маңызды оқиға, өйткені бұрын ескі ғимараттарда отырғандар, енді заманауи талаптарға сай салынған фельдшерлік-акушерлік

пунктінің фельдшері Анар Сейфульдинова атап өткендей, бұрынғы ғимарат талаптарға сай келмегендіктен, емдеу процесінде қиындықтар туындаған. Енді жаңа ғимарат медициналық көмек көрсетуді айтарлықтай жеңілдетеді.

Ауыл тұрғындары бұл жаңалықты зор қуанышпен қабылдады. Бибақан ауылының тұрғыны Капица Хамитова ауылға жаңа



пункттерде медициналық қызмет көрсетеді.

Жаңа нысандардың құрылысына жергілікті бюджеттен 35 миллион теңге бөлінді. Аудан басшыларының айтуынша, құрылыс жұмыстарын «Нұрлы аспан құрылыс» компаниясы сапалы әрі уақтылы орындап шыққан. Жалпы ауданы 108 шаршы метр болатын бұл медициналық нысандарда 7 бөлме бар, олардың барлығы заманауи құрал-жабдықтармен қамтылған.

Бұл мекемелерде бір ауысымда 12 адамға дейін медициналық қызмет көрсету мүмкіндігі бар. Ауыл тұрғындарына алғашқы медициналық көмек, жедел жәрдем, профилактикалық тексерулер және екпе егу сияқты қызметтер көрсетіледі. Сонымен қатар аудандық орталық аурухананың білікті мамандары арнайы кесте бойынша ауылдарға келіп, тұрғындарды қабылдайды. Қазір осы нысандарда бір фельдшер мен бір медбике қызмет көрсетуде.

фельдшерлік-акушерлік пунктін салынғанына ризашылығын білдірді.

Ашылу салтанатында ауыл ақсақалдары ақ батасын беріп, лентаны қиып, ғимараттың ішін аралап шықты. Салт-дәстүр бойынша ауылдың әжелері тәтті шашу шашып, қуанышты бөлісті.

Жалпы, осы жылы ауданның Қоңыр, Арқарлы және Бибақан ауылдарында жаңа медициналық нысандар іске қосылды. Сонымен қатар «Ауылда денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасы аясында аудандағы тағы 9 елді мекенде медициналық нысандардың құрылысы жалғасуда. Жыл соңына дейін Жанама, Қызықайын, Үшбұлақ және Ақжар ауылдарында да жаңа ғимаратты қолданысқа беру жоспарда бар. Бұдан бөлек, Көлбай мен Жыланды ауылдарында дәрігерлік амбулаториялардың құрылысы басталып кеткен.

Арқарлы ауылдық медицина-

А.СҮЛЕЙМЕН.

## 30 тамыз – Конституция күні



думда қабылданған Конституция мемлекеттілігімізді дамытудың, адам құқықтары мен бостандықтарын мүлтіксіз сақтаудың берік іргетасын қалады. Ал 2022 жылғы конституциялық реформа ел тарихындағы жаңа дәуірдің басталуын белгілеп берді.

«Мемлекеттік саясаттың негізі – Әділетті Қазақстанды қалыптастыру идеясы. Конституциялық бақылау эволюциясы вектордың мемлекет – адам мен азаматтың ең жоғары құндылығына, оның құқықтарын қорғауға бағытталғандығын көрсетеді. Адам құқықтары мен негізгі бо-

титуция мен заңдарға енгізілген өзгерістер де осыған бағытталған. Құқықтық танымның негізі – ешбір мемлекеттік орган, лауазымды тұлға, ешбір адам заңға бағыну міндеттемесінен босатылмайтынын түсіну. Азаматтардың мемлекет алдындағы жауапкершілігі болғаны секілді, мемлекеттік билік те азаматтар алдында жауапты», - деді Мәжіліс депутаты.

Оның айтуынша, біз Әділетті Қазақстанды құру барысында адамдардың құқықтары мен бостандықтарын тегеурінді қорғауды ғана емес, сонымен қатар

ұзақмерзімді даму бағытын анықтайтын мызғымас құндылықтар», деді ол.

Жиында баяндама жасаған Конституциялық соттың судьясы Ерлан Сәрсембаев Конституциялық сот қызметінің жаңа форматы ұлттық заңнамамызды жетілдіруге, сондай-ақ азаматтардың конституциялық құқықтарын іске асыру проблемаларын анықтауға мүмкіндік беретіндігіне тоқталды. Ол Конституциялық соттың Ата заңымыздың әлеуетін ашуға және оның нормаларының үстемдігін қамтамасыз етуге бағытталған

# Ата заң – заң үстемдігінің басты кепілі

Ата заң – мемлекеттігіміздің мызғымас тірегі әрі заң үстемдігінің басты кепілі. Конституция күні қарсаңында Конституциялық сот пен Парламентаризм институты бірлесіп өткізген «Конституция: құқық үстемдігінің, азаматтық қоғамның және қазіргі мемлекеттің құндылықтарын іске асыру» атты халықаралық конференция еліміздің саяси және даму жолындағы стратегиялық бағыт-бағдарын айқындайтын Ата заңымызға арналды.

Іс-шараға Конституциялық соттың судьялары, Парламент депутаттары, мемлекеттік органдардың, ғылыми және заң қоғамдастығының, ЕҚЫҰ-ның Астанадағы кеңсесінің өкілдері, сондай-ақ Германия, Финляндия, Швейцария, Өзбекстан, Қырғызстан мемлекеттерінің сарапшылары қатысып, адам құқықтары мен бостандықтарын ілгерілетудегі конституциялық бақылаудың рөлі туралы пікір алмасты.

Басты назар мемлекет пен қоғамның тұрақты дамуын қамтамасыз етудегі Конституциялық сот төрелігін жетілдіруге аударылып, халықаралық сарапшылар конституциялық бақылаудың өз тәсілдері мен үлгілерін ұсынды. Жиында алғашқы сөзді алған Конституциялық сот төрағасы Эльвира Әзімова қатысушыларды алдағы Конституция күнімен құттықтап, көпжақты диалогтің маңыздылығын атап өтті. Ол конституциялық заңдылықты қамтамасыз ету – заң шығару және құқық қолдану аясындағы баршаға ортақ міндет екенін айтты.

«Барлық мемлекеттік орган мен лауазымды тұлға осы

бағытта жүйелі, жоспарлы және мақсатты түрде жұмыс істеуге тиіс. Бұл ретте азаматтардың қатысуы осы үдеріске өз ықпалын тигізеді. Сондықтан азаматтарымыздың құқықтық мәдениетінің жоғары деңгейі мемлекеттілікті нығайтуға, қауіпсіздік пен құқықтық тәртіпті сақтауға жәрдемдеседі», деді ол.

Оның айтуынша, жыл басынан бері Конституциялық сотқа азаматтардан 7 мыңнан астам өтініш келіп түскен. Оларды қарау нәтижесінде 252 шешім қабылданды, оның ішінде заңдар мен заңға тәуелді актілердің нақты нормаларының Конституцияға сәйкестігін тексеруге арналған 50 нормативтік қаулы бар. «Конституциямыздың 30 жылдығы қарсаңында алдымызда әрбір азамат тең құқықтар мен мүмкіндіктерге ие болатын және қорғауында болатын Әділетті Қазақстанды ілгерілету жөніндегі Мемлекет басшысы белгілеп берген саясатты іске асыруды жалғастыру міндеті тұр», деді Э.Әзімова.

Жиында Жоғарғы сот төрағасы Асламбек Мерғалиев Ата заңымыздың қысқаша тарихына тоқталып өтті. Оның айтуынша, 1995 жылы жалпыхалықтық референ-

стандықтарын қорғаудың жоғары миссиясын орындай отырып, Конституциялық сот өз шешімдерінде ұлттық конституциялық сәйкестікті құрайтын құқық, әділеттілік және гуманизм туралы түсініктерді қолдануға шақырады. Конституция бойынша (13-бап) әркім өз құқықтары мен бостандықтарын сотта қорғауға құқылы, сондықтан әрбір азамат тиімді қорғауды таба алатындығына, соттың әділдігіне сенімді болуының маңызы орасан зор. Мемлекет басшысы атап өткендей, барлық салада заң үстемдігі қағидатын сақтау – еліміздің серпінді дамуының негізі болуға тиіс», деді ол.

«Ел тарихындағы кейінгі үш жыл бетбұрыс кезеңі болды. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен күрделі реформалар басталып, Ата заңға енгізілген өзгерістер саяси институттарымыздың тиімділігінің артуына, қоғамдық-саяси өмірді демократияландырудың қарқын алуына себепші болды». Осылай деген Мәжіліс депутаты Магеррам Магеррамов кең көлемді реформалардың түпкі мақсаты мен басты өлшемі біз адам құқығын қаншалықты жалпыға ортақ әрі қолжетімді ете аламыз деген сұраққа тірелуге тиіс екенін айтты.

«Бірауыз сөзбен айтқанда, әділетті мемлекеттің басты сипаттамасы – заң үстемдігін іс жүзінде жүзеге асырумен көрініс табады. Бұл туралы Мемлекет басшысы жиі айтып келеді. Конс-

өзіміздің азаматтық міндеттемелерімізді де қатаң сақтауды мақсат қылуымыз керек. Жеке құқықтар мен бостандықтарды қорғау мен бекіту, олардың аясын кеңейту – заңға деген құрмет пен талапты күшейтумен қатар жүруге тиіс. «Қазақстан халқы Ассамблеясының ХХХІ сессиясында Мемлекет басшысы: «Жаңа Қазақстан әділдік аумағында құрылады. Заң, әділдік және тәртіп біздің бақуатты өмірімізді айқындайтын нақты факторларға айналады» деп атап өтті», деді М.Магеррамов.

Парламентаризм институтының директоры Қанатбек Сафинов Конституция тек құқықтық акт емес, ол біздің қоғамымыздың тұрақтылығы мен өркендеуіне кепілдік беретін мемлекеттік құрылымның негізі екенін атап өтті. Жиырма тоғыз жыл бұрын күрделі геосаяси жағдайда республикамыздың даму бағытын айқындаған Конституциямыздың қабылдануымен ел тарихының жаңа кезеңі басталғанын айтты. «Онымен бекітілген азаматтардың құқықтары мен бостандықтары, сондай-ақ саяси және әлеуметтік-экономикалық құрылымның негізін қалаушы қағидаттары әділетті және гүлденген қоғам құрудың берік іргетасына айналды. Бүгінде еліміз тек өзінің тарихи бірегейлігін ғана емес, қазіргі заманғы әлемдік үдерістерді көрсететін Негізгі заңымен мақтана алады. Халық билігі, теңдік, бірлік пен заң үстемдігі қағидаттары – елдің

құқықтық ұстанымы көрініс тапқан кейбір шешімдерін мысалға келтірді. «Бұлар – азаматтарымыздың өз құқықтары мен бостандықтарын заңды тәсілмен қорғау мүмкіндіктері мен ерік-жігерін, сондай-ақ осы арқылы әділетті қоғам құруға қаншалықты үлес қоса алатынын көрсететін мысалдар. Заң үстемдік құратын және өмірдің барлық саласында құқық үстемдігі қағидаттары жүзеге асатын дәл осындай әділетті қоғам, Президент Қасым-Жомарт Кемелұлының пікірінше, ел дамуының негізі болуға тиіс», деді ол.

Жиында Парламентаризм институтының сарапшысы Әлібек Темірбеков, Мәжіліс депутаттары Марат Бәшімов пен Үнзила Шапақ, профессор Ларс Броккер (Германия), Мария Риккинен (Финляндия), Мария Фигерас (Швейцария), т.б. баяндама жасады. Сарапшылардың айтуынша, конференция барысында әзірленген ұсынымдар елдегі құқық үстемдігін нығайтуға және конституциялық сот төрелігін одан әрі жетілдіруге бағытталмақ. Форумның қорытындысында мемлекет, қоғам және халықаралық сарапшылар арасындағы диалогтің маңыздылығы, бұл демократиялық құндылықтарды ілгерілету мен заң үстемдігін қамтамасыз ету үшін өте маңызды екені атап өтілді.

Алақол ақпарат.

## Конституция – елдің тұғыры, халықтың құқығы

Қазақстан Республикасының Конституциясы – мемлекеттіліктің негізі, халықтың еркіндігі мен құқықтарының кепілі. 1995 жылы 30 тамызда қабылданған бұл құжат еліміздің дамуы мен өркендеу жолындағы басты құжат. Конституция – еліміздің заңнамалық негізі, қоғамның барлық саласын қамтитын, әрбір азаматтың құқығы мен бостандығын қорғауға бағытталған темірқазық.

Конституция – Қазақстанның тәуелсіз, демократиялық және құқықтық мемлекет ретінде қалыптасуын қамтамасыз еткен негізгі құндылықтардың бірі. Бұл құжаттың арқасында мемлекеттің саяси жүйесі қалыпта-



сып, азаматтық қоғамның дамуы мен құқықтық тәртіптің орнығуы жүзеге асты.

Бүгінгі таңда Конституция – қоғамдағы бейбітшілікті, тұрақты-

лықты және келісімді сақтаудың негізгі құралы. Оның қабылдануы Қазақстанның халықаралық аренадағы беделін арттырып, елдің ішкі және сыртқы саясатында

маңызды орын алды.

Конституцияда мемлекеттің зайырлы сипаты нақты көрсетілген. Бұл ұғым еліміздегі барлық азаматтардың теңдігіне, діни сенімдеріне қарамастан, бірдей құқықтар мен міндеттерге ие болуына жол ашады. Сонымен қатар, Конституцияда Қазақстан халқының бірлігі, мемлекеттің тұтастығы мен егемендігі, жердің бөлінбестігі секілді негізгі құндылықтар қамтылған.

Құжаттың басты мақсаты – әрбір азаматтың өмір сүру, білім алу, денсаулығын қорғау, еңбек ету, демалу және басқа да құқықтарын қамтамасыз ету. Конституция қазақстандықтардың

еркін дамуына мүмкіндік жасап, олардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға арналған.

Конституция күні – елдің тұрақтылығы мен бірлігінің нышаны, қоғамның ілгерілеуі мен дамуының басты негізі. Әрбір қазақстандық Конституцияға құрметпен қарап, оның қағидаттарын сақтап, елдің дамуына өз үлесін қосуға міндетті. Конституция – халықтың игілігі, ал оны қорғау – баршамамыздың ортақ парызымыз.

Адия КАРЖАУОВА,  
Сапақ орта мектебі  
директорының  
орынбасары.



# Главный документ государства

Сегодня в Казахстане выходящей, Республика Казахстан отмечает День Конституции. Во всех областях и городах проходят массовые гуляния и концерты, наиболее пышно один из главных государственных праздников отмечается в столице и крупных городах Казахстана. С поздравлением к согражданам обратился президент страны Касым-Жомарт Токаев.

«Основной закон является прочной опорой нашей государственности, определяя общественное и политическое устройство, непреходящие ценности и стратегический вектор развития страны», – говорится в поздравительном слове президента.

Токаев напоминает, что обновленная в результате прошлогоднего референдума Конституция стала символом консолидации нации, она выступает фундаментом масштабных преобразований, нацеленных на демократизацию политической системы, обеспечение верховенства права, повышение благосостояния народа. Одной из институциональных реформ стало создание Конституционного суда, значительно усилившего роль Основного закона как гаранта прав и свобод.

«Для построения Справедливого Казахстана, государства равных возможностей для всех, необходимо, чтобы конституционные принципы не только соблюдалась неукоснительно, но и были неотъемлемой частью общественного сознания. Глубоко убежден, что ответственный гражданин – «Адал азамат» – это человек, который всецело разделяет и воплощает в жизнь идеалы нашей Конституции», – говорится в праздничном обращении главы государства.

Шаги государственного строительства

Казахстан стал независимой

страной в 1991 году. Первая Конституция независимого Казахстана была принята на IX сессии Верховного Совета Казахстана XII созыва в январе 1993 года, в неё вошли правовые нормы, принятые с момента обретения Независимости: народный суверенитет, суверенитет государства, разделение властей, признание президента главой государства, статус Верховного, Конституционного и Высшего Арбитражного судов.

По словам первого президента Казахстана Нурсултана Назарбаева, Конституция дала народу самое главное – право выбора. Как Основной закон она отразила волю народа Казахстана, его стремление к утверждению страны «в качестве демократического, светского, правового и социального государства, высшими ценностями которого являются человек, его жизнь, права и свободы». В основу Конституции 1993 года легла модель парламентской республики.

Впоследствии главный документ «прирастал» рядом статей и был утверждён 30 августа 1995 года. В этот день на общенациональном референдуме была принята новая Конституция страны, этот день стал государственным праздником – Днём Конституции Республики Казахстан.

В 1998 и 2007 годах в Конституцию вносились изменения, увеличивающие полномочия президента. В соответствии с поправками, внесёнными 18 мая 2007 года на совместном заседании палат парламента, по форме государственного устройства Казахстан стал унитарным государством с президентско-парламентской формой правления.

10 марта 2017 года был подписан закон «О внесении изменений и дополнений в Конституцию Республики Казахстан», согласно которому ряд полно-

мочий президента делегировался другим ветвям власти. Таким образом политическая система обрела более высокую степень демократичности и устойчивости.

В целом в Конституцию Казахстана изменения вносились в 1998, 2007, 2011, 2017 и 2019 годах. Самые масштабные из них вступили в силу летом 2022 года после республиканского референдума, который прошёл 5 июня по инициативе президента Казахстана Касым-Жомарта Токаева.

«Сформировать прозрачные и справедливые правила игры»

В бюллетене для голосования был один единственный вопрос: «Принимаете ли вы изменения и дополнения в Конституцию Республики Казахстан, изложенные в проекте закона «О внесении изменений и дополнений в Конституцию Республики Казахстан?». При этом в целом на референдум было вынесено 56 поправок. По итогам референдума за них проголосовало 77,18% граждан Казахстана.

Вот лишь некоторые из прошлогодних конституционных новшеств:

- Казахстан переходит от сулперпрезидентской формы правления к президентской с сильным парламентом;

- Близкие родственники президента страны не вправе занимать должности политических государственных служащих, а также руководителей субъектов квазигосударственного сектора;

- Окончательно отменена смертная казнь, на которую до того существовал мораторий;

- Депутатский корпус нижней палаты парламента формируется по смешанной избирательной системе, парламента на 30% состоит из одномандатников, а в местных законодательных собраниях депутаты-одномандатники составляют уже половину. Введён механизм отзыва депу-

татов, не оправдавших ожиданий избирателей. Кроме того, упрощается порядок регистрации политических партий, необходимое для этого количество членов сокращено в четыре раза – с 20 до 5 тысяч. Порог прохождения партии в парламента снижен до 5%;

- Возрождён Конституционный суд, в который отныне граждане могут обращаться напрямую,

решения Конституционного суда являются обязательными для исполнения.

Выступая на встрече с правозащитниками в канун Дня Конституции, президент Касым-Жомарт Токаев подчеркнул, что при реформировании особое внимание уделялось правоохранительной сфере. «Действовавший ранее Конституционный совет более чем за четверть века рассмотрел всего около 140 дел, а это по 5 дел в год. В свою очередь Конституционный суд только за первые 7 месяцев принял в работу 43 дела. По 23 из них уже вынесены решения. Это стало следствием того, что у граждан появилась возможность напрямую обращаться в Конституционный суд. Прежде такое право имели только институты власти. Обращаясь в Конституционный Суд, люди не только отстаивают свои права, но и вносят вклад в дальнейшее совершенствование всей правовой системы нашего государства», – сказал президент.

А в прошлом году в обращении к гражданам по итогам референдума Касым-Жомарт Токаев подчеркнул, что этот плебисцит стал важной вехой в истории Казахстана, показал сплочённость и готовность нации к реальным переменам. В свою очередь изменения в Конституцию – не конечная стадия, а только начало реформ.

«Нам предстоит сформировать прозрачные и справедливые правила игры в экономике, провести реформу законодательства. Важно искоренить все искусственные монополии, поставить надёжный заслон коррупции. Нам следует поддержать инициативы предпринимателей, полностью защитить частную собственность, усилить конкуренцию», – сказал тогда президент Казахстана.

«Казахстан сделал серьёзный рывок вперёд»

Доктор политических наук, заведующая сектором Централь-

ной Азии ИМЭМО РАН Д. Малышева считает, что в минувшем году в Конституцию Казахстана были внесены не только положения, направленные на демократизацию казахстанского общества, на модернизацию, на ускорение экономического реформирования, но и важные положения, касающиеся политической системы. Кроме этого

российский политолог отмечает, что действующая Конституция Казахстана создаёт возможности для демократизации и повышения роли парламента.

«Казахстан уже достиг определённых результатов на пути построения президентско-парламентской политической системы. В Конституции были зафиксированы положения, которые способствовали развитию такой вот структуры политической власти в стране», – считает Д. Малышева.

Кандидат политических наук А. Васильев не сомневается в том, что, приняв поправки в Конституцию, Казахстан совершил серьёзный прорыв в политическом развитии и идёт к постепенному развитию современной политической культуры, вслед за которой развивается и экономика.

«Казахстан сделал серьёзный рывок вперёд, за отходом от монополизма во власти идёт отход от монополизации экономики. Этот процесс там уже идёт. Могу сказать, что у меня многие знакомые предприниматели уже давно перебрались в Казахстан, где более адекватные условия для ведения бизнеса», – говорит российский аналитик.

Эксперт смотрит с оптимизмом на перспективы развития Казахстана.

«Если ещё несколько лет назад можно было опасаться формирования патовой ситуации, тупика с достижением определённых пределов экономического роста, то сейчас политические изменения влекут за собой изменения экономических институтов, строительство более открытой экономики, более конкурентной, более диверсифицированной, – считает Александр Васильев. – Казахстан провёл очень большую работу».

Подготовила Ш. АСИНА.  
( WWW.KP.RU: <https://www.kp.ru/daily/>)



рымдамасына қол қою сыбайлас жемқорлықты жоюға жаңа серпін берді. Стратегиялық құжат сыбайлас жемқорлықтың алғышарттарын жүйелі түрде жоюға, ол үшін жауапкершіліктің сөзсіз болуын қамтамасыз етуге, қоғамдық сананың түбегейлі өзгеруіне бағытталған.

Негізгі жаңалықтардың бірі-негізсіз байыту үшін шенеуніктердің жауапкершілігін енгізу, яғни декларацияларды салыстыру нәтижелері бойынша шенеуніктің шығындары оның кірістеріне сәйкес келмеген жағдайда фискалдық және мансаптық Санкциялар пайда болады. Осы нормаларды

- 1) заңдылық;
- 2) адам мен азаматтың құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін қорғау басымдығы;
- 3) жариялылық пен ашықтық;
- 4) мемлекет пен азаматтық қоғамның өзара іс-қимыл жасауы;
- 5) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шараларын жүйелі және кешенді пайдалану;
- 6) сыбайлас жемқорлықтың алдын алу шараларын басым қолдану;
- 7) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға жәрдем көрсететін адамдарды көтермелеу;

4) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі халықаралық ынтымақтастықты дамыту;

5) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды анықтау, жолын кесу, ашу және тергеп-тексеру міндеттерін шешу арқылы іске асырылады.

Жоғарыда аталған Заңның талаптарына сәйкес барлық мемлекеттік органдар, ұйымдар және квазимемлекеттік сектор субъектілері сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдауды жүзеге асырады, оның нәтижелері бойынша сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайды жою жөнінде шаралар қабылдайды. Бұл жерде тәуекелдер мен бұзушылықтарды мемлекеттік органдардың қызметкерлері мен басшыларының өздері анықтайтынын атап өту маңызды. Бұл мемлекеттік аппаратта сыбайлас жемқорлыққа нөлдік төзімділік қағидатын іс жүзінде енгізу болып табылады.

Жалпы, сыбайлас жемқорлықтан абсолютті бас тартуға сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті арттыру, тәрбие және білім беру шараларын жүйелеу, мемлекеттік аппарат пен бизнес-қоғамдастық өкілдерін парасатты мінез-құлыққа ынталандыру жолымен қол жеткізілетін болады.

**Мақсұт САЙДИЛЬДИНОВ,**  
Ұшарал қаласының әкімі.

## Сыбайлас жемқорлық тәуекелдіктері

Сыбайлас жемқорлық әлеуметтік құбылыс ретінде қазіргі уақытта саяси дамуға қарамастан әлемнің барлық дерлік елдерінде, оның ішінде Қазақстанда да өмір сүруін жалғастыруда және тек ауқымы бойынша ғана ерекшеленеді. Сыбайлас жемқорлық әлеуметтік-экономикалық даму, нарықтық экономика құру, инвестициялар тарту процесін төжейді. Демократиялық мемлекеттің саяси және қоғамдық институттарына теріс әсер етеді, елдің болашақ дамуына елеулі қауіп төндіреді. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес Қазақстандағы мемлекеттік саясаттың негізгі басымдықтарының бірі ретінде айқындалған.

Осы ретте сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы 2015 жылғы 18 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңы жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы қоғамдық қатынастарды реттейді және ҚР-да сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты іске асыруға бағытталған.

Қазақстанның сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаты ұлттық тәжірибе мен озық шетелдік тәжірибені ескере отырып, қоғамның сұраныстары негізінде үнемі жетілдіріліп отырады. Мемлекет басшысының 2022-2026 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат тұжы-

енгізу мерзімі – 2025 жыл, яғни халықты жалпыға бірдей декларациялаумен толық көлемде қамтуды ескергенде.

Сондай-ақ сыбайлас жемқорлық фактілері туралы хабарлаған адамдарды қорғау жүйесі күшейтілді. Жаңа заңнамалық нормалар олардың еңбек құқықтарын қорғау кепілдіктерін, сондай-ақ олар туралы және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға көрсеткен жәрдемі туралы құпия ақпаратты жария еткені үшін қылмыстық жауаптылықты көздейді.

2018 жылы қабылданған Заң аясындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың негізгі қағидаттары:

8) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасағаны үшін жазаның бұлтартпастығы қағидаттары негізінде жүзеге асырылады.

Ал, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың мақсаты мен міндеттері:

- 1) қоғамда сыбайлас жемқорлыққа төзбестік ахуалын қалыптастыру;
- 2) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін жағдайлар мен себептерді анықтау және олардың салдарын жою;
- 3) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілерінің өзара іс-қимылын нығайту;



## Діни экстремизм мәселесі көтерілді

Аудан әкімдігінің мәжіліс залында діни экстремизм мен терроризм идеологиясының алдын алу және өскелең ұрпақтың білім мен мәдени мұраға деген ұмтылысын қалыптастыру бағытында аудан активімен маңызды кездесу өтті. Бұл жиында мемлекеттің зайырлы қағидаттарын сақтау және ұлттық құндылықтарды насихаттау мәселелері талқыланды.

Кездесуге Жетісу облысының дін істері басқармасының басшысы Сағыныш Жаңабай, Абай атындағы Қазақ Ұлттық Педагогикалық Университетінің аға оқытушысы Руслан Сейтказиев, дін саласындағы мәселелерді зерттеу және оңалту орталығының қызметкерлері, аудан және ауыл әкімдері, әкім аппараты, ІІБ өкілдері, қоғам қайраткерлері мен мектеп директорлары арнайы шақырылды.

Жиын барысында аудан аумағындағы діни саладағы мәселелер мен олардың шешу жолдары қарастырылды. Жетісу облысының дін істері басқармасының басшысы Сағыныш Жаңабай мен Абай атындағы Қазақ ҰПУ аға оқытушысы Руслан Сейтказиев баяндама жасап, дін

саласындағы қазіргі жағдай мен алдағы міндеттерді талқылады.

Ынталы ауылдық округінің әкімі Р.Мамырбеков өз пікірін білдіріп, жергілікті деңгейде атқарылып жатқан жұмыстар мен келешек жоспарлар туралы мәлімет берді. Аудандық аналар кеңесінің төрайымы Ұ.Дүйсебаева ұлттық құндылықтарды, отбасындағы бала тәрбиесі, қоғамдағы қыз баланың рөлі және мектеп оқушыларының діни көзқарастары туралы сөз қозғады.

Ұйымдастырушылардың айтуынша, бұл мәжіліс – ауданның діни экстремизмге қарсы күрес пен ұлттық құндылықтарды нығайтудағы маңызды қадамдардың бірі.

**А.ӘБИТҰЛЫ.**

## Мемлекеттік қызмет әдебі: Жауапкершілік пен сенім

Мемлекеттік қызметші – халық пен билік арасындағы көпір. Сондықтан олардың адалдығы, әділдігі және өз міндеттеріне жауапкершілікпен қарауы қоғам мен азаматтардың сенімін нығайтуда шешуші рөл атқарады. Бүгінгі күні мемлекеттік қызметшілердің әдебі мен мінез-құлық мәселелері ерекше назарда, өйткені бұл кәсібилікпен бірге қызметкердің тұтас имиджін қалыптастырады.

Мемлекеттік қызметшілердің Әдеп кодексінің негізгі міндеті – қызметкерлердің мінез-құлықты оңтайлы бағытта ұстау, басқа адамдармен қарым-қатынасын жақсарту, сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және қызметтік әдеп нормаларын бұзу сияқты тәртіптік теріс қылықтарға жол бермеу. Қызметтен тыс уақытта да заң бұзушылықтардан аулақ болу – мемлекеттік қызметшінің негізгі міндеттерінің бірі.

Осыған орай, Алакөл ауданында мемлекеттік қызметшілердің әдебі тақырыбына арналған маңызды кездесу өтті. Бұл шараға Жетісу облысының тексеру комиссиясының аппарат басшысы және Әдеп жөніндегі уәкілі Жаншабай Абзал Керімбекұлы, сондай-ақ Алакөл ауданы бойынша әдеп жөніндегі уәкіл Сүлейменов



Бақытбек Белгібекұлы қатысты.

Кездесу барысында мемлекеттік қызметшілердің мінез-құлық ережелері, сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, қызметтік көлікті дұрыс пайдалану, мемлекеттік қызметшілердің жалақысын арттыру, құқық бұзушылықтардың алдын алу және мемлекеттік қызметтегі бас есепшілердің міндеттері талқыланды. Бұл мәселелердің барлығы мемлекеттік қызметтің сапасын арттыру және халықтың мемлекеттік органдарға деген сенімін күшейтуге бағытталған.

**А.СҮЛЕЙМЕН.**



# БУЛЛИНГ ПЕН ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚҚА ҚАРСЫ КҮШ ҚАЛЫПТАСТЫРУ — БАСТЫ МІНДЕТ

Қазіргі қоғамда білім алушылар арасында ұшығып тұрған мәселелердің бірі – буллинг. «Буллинг» ұғымы бізге соңғы онжылдықта жеткенімен, балалар мен жасөспірімдер арасында әуелден бары жасырын емес. Бұл тақырыпқа ойыспас бұрын, терминнің мәнін талдап алайық. Буллинг дегеніміз не? Оның зорлық-зомбылық ісімен байланысы бар ма? Балалар мен жасөспірімдердің арасында өз қатарластары тарапынан жасалатын эмоционалды және физикалық соққыны осылай деп атайды. Ешқандай күш көрсетусіз сөзбен әжуалап, келеке қылды деген күннің өзінде ол балаға психикасына салмақ, академиялық үлгеріміне регресс алып келеді. Тіпті, ересек өмірінде де айтарлықтай кедергі туғызатын психикалық жарақат алады. Міне, бұл тақырыпқа маңыз беруіміздің себебі осы. Жалпы білім беретін орындарда буллингті «балалыққа, еркелікке» балайтын ата-аналар табылады. Жоқ, буллинг – қоғам болып күресуге татитын үлкен қатер.

Буллингтің бірнеше формасы бар. Мәселен, баланың жеке құпиясын көпшілікке жария ету, бопсалау, баланы бөлектеу, өздерінен оқшау ұстау, топ болып балаға шабуыл жасау жатады. Нақтылап айтсақ, жәбірленуші мен агрессия танытушының күш теңсіздігі орын алады. Әдетте, мектеп пен колледждерде мұндай бұзақылықтар болып тұратыны жасырын емес. Ондай бұзақылықтың бәрін буллингке балай беруге тағы болмайды. Осы арада буллингпен шатастырып алмауымыз керек факторлар бар. Кішкентайынан агрессияға бейім, эмоционалды тұрғыда тұрақсыз, өз әрекетін басқарып, сырттай баға бере алмайтын балалар болады. Олардың қылығын буллингке жатқызуға келмейді. Ал, буллинг жасаушылар мақсатты түрде бір адамды бірнеше рет кемсітіп, доминантты қарым-қатынас орнатуды көздейді, өз әрекеттеріне жауап бере аларлық ақыл-есі бар. «Ақыл-есі бар» деген сөздің астын сызып айтуымыз керек. Демек, әрбір буллинг жасаушы балалардың парасат иесі екенін сезіндіріп, бұл қылықтың жәбірленушіге тигізер зияны туралы түсіндіруіміз керек.

Есіңізде болса, мақаланың басында буллингтің аты кеше келгенімен, заты бұрыннан бар екенін атап өткен едім. «Бұрын» деп кешегі Кеңес үкіметін меңзеп отырғанымды сіз де байқаған боларсыз. Ең қарапайым мысал ретінде Б.Соқпақбаевтың әңгімесі желісімен шығарылған А.Қарсақбаевтың 1963 жылы шығарылған «Менің атым Қожа» фильмін алайық. Қожаның тентектігін педсоветке салып, пионерлердің талқысына беретін фрагмент бар. Сыныптастары коллективті түрде Қожаның кемшілігін бетіне басады, әжуалайды, «қара көже» деп атай-

ды. Ал, мұғалім болса «Көрдің бе, Қадыров? Сені достарың да мазақтап жатыр» деп балаларды қостайды. Қожа еркін ойлы, әзілқой, креатившіл бала. Оның болмысы Кеңес үкіметі идеалындағы баланың болмысына сай келмей, сол өлшемге сия алмағаны үшін кінәлі еді. Ол кезде баланы өз рамкасынан шықпаса, көппен бірдей ойласа, момын әрі тілалғыш болса деп тәрбиелеуге жұмыстанады. Идеология сондай еді. Ал фильм соңында баланы шеттетпеу керектігін, оған мейірім беру керектігін жақсы жеткізген. Оны Қожаның фильм соңындағы «Маған жаны ашыған кім болды екен? Әйтеуір мектептен қуған жоқ. Демек, сенгені ғой. Енді сенімдерін ақтаймын» деген сөзінен аңғаруға болады. Бұрынғының балалары буллингті қалай өткерді деген сұраққа жауап осы шығармада бар сияқты. Ең үлкен қателігі сол, оқушылармен қоса ересектердің де баланы қыспаққа алуы еді.

Ал енді бүгінге оралайық. 2000 жылдан бергі балалардың болмысы қандай? Олардың арасындағы буллинг деңгейі ше? Қазақстанда 17,5% бала осы жағдаймен бетпе-бет келеді. Статистика көрсеткіші бойынша 11-15 жас аралығындағы 14,1% бала өз қатарластарын кемсітуге қатысатынын мойындайды екен. Бұл жолда жағдайды реттеуге жалғыз психолог қауқарсыз. Ата-ана, ұстаз, бала және психолог төрттігін жұмылдыра отырып жұмыс атқару керек. Осыдан үш ай бұрын буллингке немесе зорлық-зомбылыққа ұшыраған жандар үшін бірыңғай сенім телефоны іске қосылған болатын. «111» номеріне хабарласу арқылы көмек сұрай алады. Бұл ақпаратты кеңінен таратып, құрбан болудың алдын алуға болады. Жалпы білім ордalarındaғы буллингтің бірнеше себебі болуы мүмкін. Атап айтсақ:

- Отбасындағы кикілжің;
- Жасөспірімнің айналасын қабылдай алмауы, бәрін жау көруі;
- Айналасындағыларға сене алмау;
- Ата-ана мен ұстаздар тарапынан болатын шектен шыққан ескертпелер;
- Жасөспірім шақтағы кризис;
- Оқу үлгеріміндегі проблемалар;
- Зиянды әдеттер (алкоголь, шылым);

дарынан жай буллингпен қоса кибербуллинг те өрши түсті. Білім алушылар арасындағы жәбір көрушінің намысына тиетін немесе жеке ақпараттарын интернетке жария ететін қысым түрін осылай атайды. Қазіргі жасөспірімдер өз қатарластарының ортасында еркін болғанымен, ата-анасының жанында тұйық. Мектептегі, колледждегі мұндай әңгімелерді үйге жеткізбейді, сырласудан, ата-анасымен контакт құрудан

алатындай командалық рухты тудыра аламыз. Бұл үрдіс әдетке айналуы үшін оқушылар мен студенттерге осы бағытта үздік командалық жұмыстар атқарғаны үшін алғыс білдіріп, ынталандырып, сайыстар ұйымдастырған жөн деп есептеймін.

«Тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы» деген Әл-Фараби бабамыз. Балаға біліммен қоса бойына адамгершілік пен ізгіліктің дәнін еге

- Көшбасшылық үшін талас;
- Өзін өзі бағалауының төмендігі;
- Құндылықтар қақтығысы;
- Әлеуметтік және материалдық жағдайдың теңсіздігі;
- Қызғаныш;
- Педагогтердің балаларды тең көрмеуі;

Балалар арасында не болып жатқанын ата-ана мен ұстаздардың ескермеуі;

Білім беру орындарында мұндай жағдай орын алса, ол жердегілердің барлығы ерікті әрі еріксіз түрде қатысушы болып шыға келеді. Тек әрқайсысының рөлдері әр алуан. Инициаторлар – сыныпта немесе топта 2-3 адамнан болады. Бұның түпкі мақсаты – өзгелерді кемсіту арқылы өзінің «мықты» екенін дәлелдеу. Олар компромиссті мойындамайды. Түйсікпен өзіне қарсы тұра алмайды-ау деген жандардың ішінен өз құрбанын таңдап алады. Ізіне ерушілер – өздігінен инициатор бола алмаса да, оларға еруші топ болып қалыптасады. Олар үшін бұл өрескел қылық еместей көрінеді. Топпен бірге күліп, мазақ етіп, келеке қылады. Кейбірі іштей жақтама-са да еріксіз қосылады. Себебі, жәбірленушінің орнында болып қалудан қауіптенеді. Жәбірленушілер – агрессияға бейім емес, сезімтал әрі эмоционалды әлсіз балалар. Өзін қорғауға шамасы жетпейтіндей физикалық тұрғыда әлсіз болып келеді. Кейде буллингке ұшырауына мұғалімнің бұл балаға деген көзқарасы себеп болуы мүмкін. Сынып немесе топ алдында оны кемсіту арқылы буллингке жол беріп алуы ғажап емес. Бақылаушылар – бұл процеске қатыспайды. Не ақтамайды, не жақтамайды. Бірақ бақылаушы болғаны үшін де бұл балаларға психологиялық зақым келеді. Мектептегі жанжал, оқу орнындағы кикілжің оны шаршатады. Кейде жәбірленуші досын қорғай алмағандықтан өзін үнемі кінәлі сезінуі мүмкін. Қорғаушылар – олар бірнешеу болғанда ғана буллингті тоқтата алады. Сондықтан ортада қорғаушы тобындағы балаларды байқасаңыз, оған сенетініңізді және оның көзқарасы дұрыс екенін есіне салып отыру керек.

Одан өзге, кибербуллинг деген ұғым бар. 2000 жылдан бері қарайғы уақытта өмірге келген балаларда гаджет өмірінің айналасы бөлігі болып кеткен. Соның сал-

қашқақтайды. Сол себепті әр ата-ана өз баласының ерекшелігін жатқа біліп, тамыршыдай дөп баса отырып әңгімеге тартуы керек. «Ерекшелігін» деп баса айттып отырған себебім, 2000-2012 жылдары аралығында туылған балаларды Z-ұрпақ деп атайды. Бұл ұғымды енгізген зерттеушілер Уильям Штраус пен Нил Хау олардың сондай пысық әрі кәсіпке ерте бейімделетіндерін айтқан. Сондай-ақ, олар үлкен буынды сыйлағысы келмейтінін байқаймыз. Осыны қабылдай отырып, баламен контакт құру, еш қысымсыз оған авторитет бола білу үлкен шеберлікті талап етеді.

Колледж студенттері физикалық жасына сай мектеп оқушыларымен теңескенімен, колледждің оқу жүйесі, форматы жасөспірімді ересек болуға итермелейді. Өз бетінше оқу, қоғамдық жұмыстарға араласуы, жаңа статусы «студент» деген қауымды толықтырушы жандар ретінде ересектер санатына қосылады. Бірақ бұл қауіпсіздігіне өзі жауапты, ол енді шағым айтпауы керек дегенді білдірмейді. Міне, осы жерде студенттер қателеседі. Буллинг, қысым туралы ешкімге айтпайды, көмек сұрамайды. Оның арты үлкен қатерлерге, зорлық-зомбылыққа әкелуі әбден мүмкін екенін сараламайды.

Зорлық-зомбылық пен буллингтің байланысы қандай? Екеуіне ортақ форма бар. Ол – эмоционалды, вербальді, физикалық және виртуалды зорлық. Тұрмыстық өмірде де, социумда орын алатын зорлық-зомбылықты да білім алушылар өзі сенетін адамға айта алуы тиіс. Әрбір білім беретін мекемеде сенім жәшігі болады. Бұл тақырыппен бетпе-бет келген адам көз жұма қарауына не тезуіне болмайды. Бұл тақырып ашық айтылғанда ғана біз онымен күресеміз аламыз.

Буллинг және зорлық-зомбылық тақырыбында бірнеше әлеуметтік роликтер мен қысқаметражды фильмдер түсіруді қолға алу керек. Бұл шараның басты атрибуты ретінде колледж студенттері мен оқушыларды тарту қажет деп санаймын. Жәбірленуші рөлінде болып көрген әрбір жасөспірім өмірде мұндай қатігездікке бармаса керек. Олардың бойындағы эмпат сезімін күшейту арқылы буллингке қарсы күш құра аламыз. «Жоқ, бұл әділетсіздік» деп айта

білуіміз керек. Құрғақ теория мен формуланы жатқа соққан білім алушыдан, гуманист білім алушы әлдеқайда көп үміт күттірері анық. Сол үшін әрбір ата-ана мектеп жасына дейінгі балаларға адамзаттың бәрі бірдей екенін, өзгелерден тек ақылыңмен, адамгершілігіңмен, еңбекқорлығыңмен ерекшеленетін боласың деп құлағына құя жүруі керек. Біреуді кемсіту арқылы бәсекеге түсу абырой өпермейтінін айта жүрген жөн. Буллинг пен зорлық-зомбылықтың соңы үлкен қайғылы оқиғаға әкелуі мүмкін. Депрессия, стресс, аутоагрессия, зиянды әдеттерге деген тәуелділік, жалғыздық, суицид сияқты мәселелер бірінен соң бірі шыға береді. Заңмен қорқыту және қудалау әрине, оңай. Бірақ жастар өз еркімен саналы түрде буллингке қарсы тұруы одан да жақсы емес пе? Сондықтан ата-аналар мен ұстаздар балалардан бөлек, колледж студенттерін де сөзге тартқаны дұрыс. Оны проблемамен бетпе-бет қалдыруға болмайды. Ересек тұлға дегеніңізбен, кәмілет жасына дейінгі өспірімдерге біз қоғам болып жауап беретінімізді ұмытпайық. Буллингке қарсылық туралы билблорд, стендтер, үндеуші роликтер жиі орналастырылуы керек деп білемін. Тіпті балабақшадан бастап, ешкім ешкімді қорлауға қақысы жоқ деген идеологияны сіңіру керек.

Президентіміз Қ.Тоқаев өткен жылдың қазан айында педагогтердің республикалық съезінде осы тақырыптың өзектілігін көтерген болатын. Мемлекет басшысының сөзінше, соңғы уақытта буллинг құрбандарының ата-аналарынан жиі хат түскен. «Ашығын айтсам, ондай хаттарды оқу оңай емес, оқиға құрбаны болған балалар үшін жүрегің ауырады» деген еді. Осы тектес ситуациялардың алдын алатын заңдық нормалар қабылданатыны бәрімізді қуантқаны рас. Солай екен деп қол қусырып отыру әрбір азаматқа сын. Сол себепті моральдық, психологиялық жәрдем беру не сондай жәрдемге себепші болу әр педагогтың міндеті дер едім.

Гүлмира  
ЖАЙЛАУБАЙҚЫЗЫ.



## В условиях современности

**В современных условиях, когда темпы развития информационного общества имеют тенденцию к возрастанию, а темпы развития технологической цивилизации намного превышают наши возможности осознания последствий такого развития, люди начинают все больше задумываться о вечном. Уставая, а иногда и будучи неспособными воспринять совершенно новый тип цивилизации, люди обращаются к ценностям, которые привыкли считать вечными. Во все времена законодателем таких ценностей выступала религия.**

Религия – один из тех феноменов, который актуален во все времена. Являясь одной из форм общественного сознания, она оказывает огромное влияние на становление и развитие личности, в частности, на формирование её мировоззрения и регуляцию поведения, что особенно актуально для такой социально - возрастной группы, как молодёжь. Однако, не смотря на то, что тема религии не является новой и её исследованием занимались различные зарубежные и отечественные учёные, она является актуальной в связи с появлением новых религиозных конфессий, сект, религиозной пропаганды и высоким уровнем интереса современной молодежи к данным процессам.

Зигмунд Фрейд (1856-1939) считал, что религия - следствие сознательного подавления бессознательных инстинктов, прежде всего полового. Религиозные представления – это иллюзии, выступающие как исполнение древнейших, сильнейших, навязчивых желаний человека. Чувство страха и вины и вытеснение влечений влекут невроз, который есть индивидуальная религиозность, а религия - это универсальный коллективный невроз.

В Советском Союзе религия, и все с ней связанное находилось под «цензурой нормальности». Исследованию религии в тот период времени существенную роль отводили, как ни странно, в школе Научного Атеизма. И самый расцвет таких исследований пришелся на 1959 – 1967 годы. Авторы школы научного атеизма (В.Г. Зверховский, Б.Д. Златан, А.И. Клибанов, В.И. Лебедев, Д.М. Угринович, К.К. Платонов и многие другие) проводили свои социологические и социально - психологические изучения лич-

ности верующих на основе и в соотношении с марксистско - ленинской идеологией. Основной задачей таких работ было изучение личностных особенностей и специфики сознания верующих. Исследования проводились с изначальной установкой на поиск отклонения и утверждение негатива в религии и жизни верующих и с целью проведения дальнейшей антирелигиозной работы и пропаганды атеистического мировоззрения. Причем стоит отметить, что работы отечественных исследователей этого периода больше носили социологический характер.

Однако различия в подходах не исключают возможности дать все же самое общее определение религии.

Религия –это одна из форм общественного сознания, выражающая определенные идеи и регулирующая общественные отношения, существующая в виде системы норм и предписаний поведения человека в обществе.

Радикальные изменения в обществе, произошедшие за последние двадцать лет российской истории, оказали влияние на социально-экономическое развитие и духовную жизнь народа, его отношение к религии и церкви. Рассматриваемый период характеризовался значительными преобразованиями в системе государственно-правового регулирования религиозных процессов. Религиозный индифферентизм советской эпохи уступил место отношениям, где религиозное сознание стало рассматриваться государством как фундамент подлинной морали, как незаменимое средство духовно-нравственного возрождения. Возникли и широко распространились новые религиозные движения.

Религии возникают из стремления способствовать гармонии взглядов и поведения внутри сообщества людей. Они не только дают ответы на важные жизненные вопросы, но одновременно освещают самые сложные нравственные проблемы, сохраняя при внутренней глубине внешнюю простоту и своеобразную целостность и упорядоченность мировосприятия. Каждая из мировых религий внесла в человеческую культуру нечто неповторимое, обогатившее все человечество. Религия всегда остается незавершенной и, следовательно, всегда развивается. В этой связи несхожие элементы мировых религий можно воспринимать как основу для постоянного движения человечества вперед в его исканиях нравствен-

ной просветленности.

Совокупность взглядов, оценок, принципов и образных представлений, определяющих самое общее видение, понимание мира, места в нём человека, а также - его жизненные позиции, программы поведения, действия называют мировоззрением.

Особенно интересным и перспективным является проследование влияния религии на мировоззрение современной молодежи как социально-демо-

графической группы общества, выделяемой на основе совокупности характеристик, особенностей социального положения и обусловленных теми или другими социально-психологическими свойствами, которые определяются уровнем социально-экономического, политического развития, особенностями социализации и т. д.

Каждая религия имеет свою историю, морально-этическую основу, принципы и идеи, следование которым приверженцами различных религий и определяет направление влияния религии на сознание, мировоззрение и поведение человека.

Отношение молодежи к религии во многом будет зависеть от того, с какой стороны религии он столкнулся впервые (лично, в семейном споре и т.д.), какое эмоциональное впечатление она оказала на него, какое логическое представление сложилось в уме этого человека. Для объективного понимания роли и места религии в сознании молодежи важно учесть и то, что значительное число молодых людей - отнюдь не только верующих в Бога, но и представителей других мировоззренческих групп, включая индифферентных и неверующих, - считают себя сторонниками традиционных религий.

Таким образом, религия, как форма общественного сознания, играет одну из ведущих ролей в становлении личности человека, формировании его мировоззрения и регулировании поведения. Независимо от того, какую религию исповедует человек, он стремится к определённому идеалу, изложенному в учении его веры. И, как бы не были сложны и разнообразны пути достижения этого идеала, те высоконравственные, моральные качества, носителем которых он станет, в подавляющем большинстве религий схожи по смыслу – это скромность, трудолюбие, человеколюбие, честность, терпимость и многие другие.

Изучение религиозности молодежи необходимо в наши дни, ведь именно молодежь по своей социальной природе представляет отражение всех противоречий и возможностей социально-исторической и культурной динамики общества в рамках определенного масштаба социальной реальности (своей Родины, страны, определенного социокультурного сообщества). Именно молодежь выбирает траекторию исторического движения общества.

**Ш. НУКЕБАЕВА.**

## Духовное воспитание

С обретением независимости наша страна вступила в новую эру своей истории. Перед Казахстаном открылись большие перспективы, но вместе с тем появились важные вопросы, которые необходимо было решить незамедлительно. Один из них – что будет со сферой религии. Казахстан в 90-е годы переживал время возрождения религиозных ценностей. Все больше людей стали прибегать к ним, проявляя при этом интерес к истории религии. Кроме того, в нашей стране активными темпами стало продвигаться возведение объектов культа. На сегодняшний день, по информации официального сайта Управления по делам религий города Алматы, в Казахстане имеются 18 конфессий, представители которых официально осуществляют свою деятельность на территории страны. Все эти конфессии имеют право на собственные объекты культа и распространение своего вероучения в рамках данных объектов. Их права защищаются Конституцией республики, а также соответствующими законами. Согласно информации Комитета по делам религий Министерства информации и общественного развития Республики Казахстан, в стране зарегистрированы 3924 религиозных объединения, охватывающих 18 конфессий. Из них: 2781 – исламская, 345 – православные, 92 – католические, 590 – протестантские, 61 – Свидетелей Иеговы, 24 – Новоапостольских церкви, 13 – общество сознания Кришны, 7 – иудейские, 6 – бахаи, 2 – буддизма, 2 – церкви Иисуса Христа Святых последнего дня (мормоны), 1 – муниты.

После развала СССР различные религиозные организации активизировали свою деятельность. Поначалу государству было непросто ее контролировать, так как перед ним стояли более насущные задачи. В результате в Казахстане, впрочем, как и в других странах бывшего СССР, религиозные объединения получили относительную свободу действий. Негативным последствием стало распространение незарегистрированных религиозных организации деструктивного толка. Ситуацию удалось нормализовать после принятия соответствующих мер, к которым, в первую очередь, нужно отнести законодательные изменения и нововведения.

В частности, стоит сказать о принятии Закона «О религиозной деятельности и религиозных объединениях» от 2011 года. На сегодняшний день очень многих интересует вопрос, насколько существенную роль религия играет в жизни современной казахстанской молодежи. «Сегодня у молодых людей есть доступ практически к любой информации. С одной стороны, это позитивный момент, но с другой, абсолютной вседозволенности тоже быть не может. Существуют разные

данные относительно того, насколько большое значение играет религия в жизни молодых казахстанцев. Здесь важно понимать о какой степени вовлеченности в религиозную жизнь мы говорим. Я думаю, важно показывать детям примеры правильного поведения, правильного мышления. Религиозное воспитание – сложнейшая наука. Очень непросто научить ребенка правильному пониманию религии и при этом не отпугнуть от нее. Считаю, что нам необходимо усиливать работу в данном направлении, но делать это с осторожностью. Все-таки, как вы понимаете, тема религии всегда была очень чувствительной», – рассуждал религиовед и культуролог Алексей Панков. В Казахстане на постоянной основе ведется просветительская работа в данном направлении: организуются научно-практические конференции по вопросам религий, семинары, круглые столы, заседания при участии представителей компетентных органов. На данные мероприятия зачастую приглашаются студенты казахстанских вузов.

Кроме того, Президент страны Касым-Жомарт Токаев не так давно говорил о важности духовного воспитания отечественной молодежи. Глава государства отмечал, что недоработки могут привести к печальным последствиям. Фото: akorda.kz Можно вспомнить о трагическом эпизоде, произошедшем в Алматы в 2016 году. Тогда 26-летний террорист, являющийся приверженцем деструктивного религиозного течения, убил десять человек – восемь полицейских и двух гражданских лиц. Ранее молодой человек уже отбывал тюремный срок, а в содеянном убийстве десяти человек на суде не раскаялся. На данный момент террорист отбывает пожизненное заключение. Этот случай еще раз напоминает нам о том, насколько важна тема религиозного воспитания. «Нельзя пренебрегать духовным воспитанием подрастающего поколения. Безусловно, это очень важный вопрос. Если мы оставим его на самотек, то можем утратить наши национальные традиции. Поручаю акимам во взаимодействии с компетентными органами усилить работу в сфере религии», – сказал президент в марте текущего года. Еще более важным вопросом является то, насколько защищена современная молодежь от влияния деструктивных религиозных организаций. Казахстанские ведомства, уполномоченные для проведения соответствующей работы, со своей стороны на регулярной основе прикладывают определенные усилия.

**Ш. АСИНА.**



# Алаш мақтанышы – М. Тынышбайұлы

Қазақ даласы өз төсінде небір тұлғаларды түлетті. Соның ішінде сонау Кеңес одағының құрамында болған алашапқын мезеттің өзінде қиындықтарға қарамастан білім алып, өзінің даралығын, даналығын дәлелдей білген азаматтарымыздың жетерлік. Олардың қатарында қазақтан шыққан тұңғыш теміржол инженері, көрнекті саяси және қоғам қайраткері, Алаш қозғалысының негізін салушылардың бірі Мұхамеджан Тынышбайұлы да бар. Арда тұлғаның туғанына биыл 145 жыл толды.

Бұрынғы Верный қаласындағы ерлер гимназиясын үздік тәмамдап, Петербордағы бірінші Александр атындағы жол

қатынасы инженердері институтына оқуға түседі. Сол ортада жүріп алдағы ғұмыры мен қызметіне тікелей әсер ететін тұлғалармен танысады. Қазақтан шыққан жас зиялылармен араласып, жас маман ретінде теміржол саласындағы алғашқы тәжірибесін бастайды.

М. Тынышбайұлы қазақтың тұңғыш теміржол инженері кәсіби біліктілігімен ерекшеленді. Түркістан-Сібір теміржолының құрылысына қосқан еңбегі ерен. Ол экономиканы дамыту үшін жол қатынасындағы маңыздылығын ұғынды. Әрі есеп-қисапқа жақын болды.

1917 жылы Ресей империясының патшасы құлатылғаннан кейін қалыптасқан ахуалды

бағалай келе, қазақ зиялылары мен саясаткерлері 1917 жылдың маусымында Орынборда бірінші бүкілқазақ съезін өткізіп, «Алаш» партиясының құрылатындығы жариялады. Ал 1918 жылы бүкіл-түркістандық IV мұсылмандар съезі өтіп, Мұхамеджан Тынышбайұлы Түркістан автономиясының премьер-министрі болып сайланады.

XX ғасырдағы қоғамының түбегейлі өзгеруіне әкелген Алаш қайраткерінің ағартушылық, саяси бағыттардағы рөлі айқын.

Айтулы тұлға Мұхамеджан Тынышбайұлы – тарихшы-ғалым және қазақтан шыққан тұңғыш инженер-теміржолшы.

Алайда кәсіби қызметінің соңы солақай саясаттың қудалауымен аяқталды. 1933 жылы Воронежге жер аударылса, 1937 жылы күзде қайта тұтқындалып, Ташкент түрмесінде «халық жауы» деген айыппен ату жазасына кесілді. Мұхамеджан Тынышбаев 1959 жылы Қазақ КСР-ы Жоғарғы сотының, 1970 жылы КСРО прокуратурасы мен Түркістан әскери округы прокурорының шешімімен ақталды.

**А. ДИХАНБАЕВА,**  
**Қабанбай батыр атындағы тарихи-өлкетану музейінің меңгерушісі.**

# Менің рухым тілімде

**Алмастай өткір, анамдай мейірімді тілімнің ғажабын ертерек сезіндім. Толғауы тоқсан қызыл тілге деген құмарлығым бір сәт те толастамады. Бойыма қуат, жүрегіме шуақ сыйлаған қасиетті тіл ғаламатының саламатына жүрегім тоқтағанша қызмет етемін.**

Бүгінде сөздік қолданыстағы қазақ тілінің ахуалын сөзімнің әлқиссасы ретінде айтпасқа тағы болмайды. Бала – болашағымыз. Келешектің иесі атанғандарға деген сүйіспеншілігім тіптен ерен. Кез келген ортада, қай жерде жүрсем де балалармен тез тіл табысамын. Өзім тіл маманы болғандықтан, балалардың сөйлеу шеберліктеріне ерекше ден қоямын. Жақынырақ сөйлесуге тырысамын, сұхбаттасамын, ой қорытындылаймын. Мектеп жасындағы жеткіншектердің сөйлеу мәнері тіптен бөлек. Құдды өздері өзге әлемнен келген бөгде ұлт өкілдері іспетті. Өздері ғана түсінетін бұл тілдің ертеңіне бас қатырып жатқандардың саны қоғамда некен-саяқ.

Өз тілінде саналы ойланып, өз тілінде сауатты сөйлегеннен артық сезім жоқ шығар, сірә! Тұнық кәусардың тұңғығынан қанып ішкеннен артық не бар дейсіз? Өз тілінді жарылқап, өзге тілді үйренуден қалыс қалмау – екінші мәселе.

Ғасырлық тарихтың куәсіне айналған Бұлақты мектебінің ұстаздары мен білім алушылары тіршіліктің күретамыры болған туған тілге тәу етіп, жанашыр-

лықпен, азаматтықпен белсенділік танытып келеді. Жыл бойына

жас өркендердің мәңгілік құндылығымызға деген сүйіспеншілігінің дәлелін түрлі жарыстың мәресін кәде еткендігін ерекше леппен айтқаным жөн. 10 сынып оқушысы Қалкен Назерке облыстық «Кемел Тоқаев оқуында» жүлделі II орынды қанжығаласа, 8 сынып оқушысы Асхатқызы Алия «Ілияс Жансүгіров оқуына» қатынасып, II орынды қанағат тұтты.

Аудандық түрлі байқау жүлдегерлерінің қанатын қомдаған қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдері М. Нұрбай, Б. Нұрсұлтанова, Ә. Нұржанова және И. Сатбаевалардың ерен еңбектерін атап өтпеске болмайды.

Қазағымның құнды, нұрлы да сырлы, шырайлы да шынайы тілінің қасиетін әрбір жас ұрпақ сезініп өссе екен деймін. Ұлтымыздың белгісі тілімізде екендігін естен шығармасақ қой, шіркін...

**Жанат АЯНБАЕВА,**  
**Бұлақты орта мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі.**

# ҚҰҚЫҚТЫҚ ТӘРТІП ҚАДАҒАЛАНУДА

**Бескөл стансасының Желілік полиция бөлімшесінің қызмет көрсету аумағында «Құқықтық тәртіп» жедел-профилактикасы өткізілуде.**

ҚР ІІМ Көліктегі ПД-нің нұсқауына сәйкес 2024 жылдың тамыз айының 26-нан бастап 28-не дейін «Құқықтық тәртіп» жедел профилактикалық іс-шара өткізілуде. Осыған байланысты жедел іс-шараның тиісті деңгейде өткерілуі үшін Бескөл стансасының Желілік полиция бөлімшесінің қызмет көрсету аумағында темір жол объектілерінде тиісті құқықтық тәртіпті сақтау, теміржол көлігі нысандарындағы азаматтардың қауіпсіздігін жеткілікті түрде қамтамасыз ету, әкімшілік және қылмыстық құқық бұзушылықтарды анықтау және болдырмау үшін шара қолға алынды. Теміржол аса қауіпті аймақ болғандықтан, темір жол бойында орын алатын жаза-тайым деректерін болдырмау мақсатында Бескөл стансасы ЖПБ-нің қызмет көрсету аумағында теміржолға жақын орналасқан елді мекен тұрғындарына теміржолдан өту қағидаларын сақтау және темір-

жолдарға жақын жерлерге мал жаю бойынша түсіндіру жұмыстары жүргізілуде.

Аталған іс-шараны өткізу барысында Бескөл стансасы теміржол вокзалының перронында жолаушылар пойыздарында жолсеріктер мен жолаушылар арасында жол үстіндегі кездесулер өткізіп, «Құқықтық тәртіп» тақырыбына профилактикалық мақсатпен кездесу жүргізілді. Жедел профилактикалық іс-шараның бағыты көлік объектілерінде қоғамдық тәртіпті тиісті деңгейде сақтау және қауіпсіздікті қамтамасыз ету. Теміржолға жақын орналасқан оқу орындарының оқушыларымен кездесу өткізіліп, оларға 559 бабының 5 бөлігі Қ.Р. ӘҚБтК-нің 442 бабы және 560 бабтарында көрсетілген құқық бұзушылықтар туралы айтып, оларды бұзғаны үшін әкімшілік жауапкершілікке тартылатыны және ескертумен айыппұл түрінде шаралар қолданылатыны ескертіледі.

**Ж. БИДОЛДАХАНОВ,**  
**Бескөл ст. ЖПБ бастығы,**  
**полиция майоры.**



# Жетісу облысының Әдеп жөніндегі уәкілдері

**Жетісу облысының жергілікті атқарушы органдарында 11 Әдеп жөніндегі уәкіл жұмыс істейді.**

**Өз құзыреті шегінде Әдеп жөніндегі уәкіл:**

- Мемлекеттік қызметшілерге Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы заңнамасының және Әдеп кодексінің талаптарын сақтау мәселелері бойынша консультациялық көмек көрсетеді;

- Мемлекеттік қызметшілердің қызметтік әдеп нормаларын бұзу фактілері бойынша жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарайды;

- Ұжымда жалпы қабылданған моральдық-этикалық нормаларға сәйкес келетін қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыруға жәрдемдеседі;

- Мемлекеттік қызметшілердің құқықтары мен заңды мүдделері бұзылған жағдайларда оларды қорғауға және қалпына келтіруге бағытталған шараларды қабылдайды;

- Құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларға талдау жүргізеді;

- Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл

саласындағы заңнамасын және Әдеп кодексін бұзудың профилактикасы және оған жол бермеу, сондай-ақ мемлекеттік қызметтің оң бейнесін қалыптастыру мақсатында азаматтық қоғам институттарымен және мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл жасайды;

- Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы заңнамасын және Әдеп кодексін сақтау мәселелері бойынша мемлекеттік қызметшілерге түсіндіру жұмыстарын тұрақты негізде жүргізеді;

- Қызметтік әдеп нормаларын бұзудың профилактикасы мақсатында өзге де қызметті жүзеге асырады.

Бүгінгі күнде Жетісу облысының жергілікті атқарушы органдарының Әдеп жөніндегі уәкілдерімен Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы заңнама-

сының және Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің Әдеп кодексінің талаптарын сақтау мәселесі бойынша 426 жеке консультациялық көмек көрсетілді. Оның ішінде:

- Мемлекеттік қызметшілерге – 354

- Жеке және заңды тұлғаларға – 72

Сонымен қатар 241 жеке қабылдаулар жүзеге асырылды, оның ішінде 90 көшпелі қабылдау.

Бүгінгі күнде Жетісу облысының жергілікті атқарушы органдарының Әдеп жөніндегі уәкілдерімен Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы заңнамасын және Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің Әдеп кодексі сақтау мәселелері бойынша 502 түсіндіру жұмыстары жүргізілді, оның ішінде:

**«Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істер Агенттігінің Жетісу облысы бойынша Департаменті»**  
**РММ.**



# О введении в действие закона о бытовом насилии

Подписанный Президентом Токаевым закон об ужесточении наказания за насилие в отношении детей и женщин, больше известный как "Закон Салтанат", вступил в силу с 16 июня текущего года.

Подписанный президентом Казахстана Касым-Жомартом Токаевым 15 апреля так называемый "Закон Салтанат", ужесточающий наказание за насилие над женщинами и детьми, в том числе в семьях, вызвал широкий общественный резонанс, который не утихает до сих пор.

Что изменилось с вступлением в силу закона, ужесточающего наказание за насилие над женщинами и детьми, и оправданы ли опасения части общества в том, что государство получит право вмешиваться в семью, воспитание и даже изымать детей, разобрался Sputnik Казахстан.

"Битва" за закон о семейно-бытовом насилии

Закон о противодействии семейно-бытовому насилию (СБН), подписанный Президентом Казахстана Касым-Жомартом Токаевым, в прямом смысле слова можно назвать многострадальным. В 2020 году он уже даже побывал в нижней палате мажилиса, где прошел первое чтение. Однако позже, в 2021 году, из-за небывалого накала страстей между его противниками и защитниками, законопроект из мажилиса отозвали.

Буллинг и насилие: как от них защищают детей в Казахстане

В течение последующих лет вопрос необходимости его принятия периодически "всплывал" в информационной повестке. Как только это происходило, оппоненты вновь и вновь ломали копыта и луки, каждый доказывая свою правоту.

Так, защитники закона неоднократно приводили довод о том, что, декриминализация в 2017 году некоторых статей Уголовного кодекса, касающихся семейно-бытового насилия, вызвала настоящий всплеск таких случаев, в результате чего многие женщины и дети остались незащищенными от домашних дебоширов и их рукоприкладства. Главным их

козырем всегда оставалась статистика.

К примеру в 2022 году, в то время депутат мажилиса парламента, а сейчас уполномоченный по правам ребенка в Казахстане Д. Закиева, привела такие цифры: в 2021 году было совершено 1022 уголовных преступлений в семейно-бытовой сфере и 53 тысячи административных правонарушений.

О росте преступлений в семейно-бытовой сфере говорил в июне 2023 года и Президент Казахстана Касым-Жомарт Токаев.

"За последние два с половиной года домашними агрессорами совершено 300 убийств. Зарегистрировано 878 фактов причинения тяжкого и 808 фактов – среднего вреда здоровью. К административной ответственности за правонарушения в этой сфере привлечено более 37 тысяч лиц", - заявил он в одном из своих выступлений.

Противники принятия закона, среди которых наиболее активно выступали представители общественного объединения "Союз родителей Казахстана" и ряд юристов, выдвигали свои аргументы.

Казахстан предложил разработать модельный закон СНГ о домашнем насилии

По их мнению, в законе недостаточно четко сформированы юридические понятия и определения, которые, как они считают, могут привести к изъятию детей из вполне благополучных семей за обычный шлепок по попе в целях воспитания, за требование выполнить те или иные обязанности (психологическое насилие), или даже за "недостаточную сумму карманных денег" (экономическое насилие).

Намерений отбирать детей у власти нет

Так или иначе, 15 апреля текущего года Глава государства подписал два закона: "О внесении изменений и дополнений в Кодекс Республики Казахстан об административных правонарушениях по вопросам обеспечения прав женщин и безопасности детей" и "О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопро-

сам обеспечения прав женщин и безопасности детей".

Эхо дела Бишимбаева: МИД отзывает сотрудника после жалоб на насилие в семье

Произошло это на фоне громкого судебного процесса над экс-министром национальной экономики К. Бишимбаевым, которого обвиняли и признали виновным в истязаниях и убийстве с особой жестокостью своей гражданской супруги С. Нукуновой в ноябре 2023 года. Именно по этой причине в обществе поправки, подписан-

ществом. Сегодня некоторые граждане, выступающие против этого закона, распространяют разные домыслы. Распространяемое "мнение" о том, что закон якобы будет способствовать отъему детей – откровенный фейк", - отреагировал он, добавив, что действия провокаторов, дискредитирующие новый закон против семейно-бытового насилия, будут пресечены.

Важные перемены с принятием поправок в закон

Поправки, регулирующий вопросы

ные Касым-Жомартом Токаевым, стали называть "Закон Салтанат".

Решение Главы государства вновь вызвало в обществе споры о том, нужен ли этот закон. В ход шли все те же аргументы, как от поддерживающих его, так и не согласных с ним. Для того, чтобы разъяснить, что никакой опасности вторжения в жизнь казахстанских семей и уж тем более изъятия из них детей, высказались высокие государственные чины.

В Казахстане обяжут абьюзеров проходить психологическую коррекцию

"Уже сегодня в действующем законе "О браке и семье" есть нормы, по которым лишают родительских прав в случае совершения уголовных правонарушений. Но мы не видим массового лишения родительских прав. Такого не было в нашей истории. Мое личное мнение — нет никаких оснований считать, что если в дальнейшем закон подпишет президент (на данный момент уже подписан Президентом - Sputnik), то это приведет к массовому лишению родительских прав", - заявил спикер сената М. Ашимбаев.

В ООН признательны Казахстану за закон, защищающий жертв домашнего насилия

Он добавил, что новый закон не содержит норм, позволяющих властям отбирать детей у казахстанцев.

"Это некорректная и неправильная интерпретация. Мы должны четко доводить до общественности, что закон не направлен на лишение родительских прав. Он работает на защиту женщин и обеспечение прав женщин и безопасности детей", - добавил Ашимбаев.

Подтвердил слова спикера сената и уполномоченный по правам человека в Казахстане А. Ластаев.

Токаев подписал закон, ужесточающий наказание за насилие над женщинами и детьми

"Предотвращение любого насилия в отношении женщин и детей является основным требованием закона. Криминализация бытового насилия стала совместной победой государства и гражданского об-

щества и безопасности детей, подписанные главой государства, значительно ужесточают наказание для преступивших его граждан.

Так: вводится запрет на назначение более мягкого наказания, чем предусмотрено в особенной части кодекса, при совершении лицами преступлений, связанных с насилием в отношении несовершеннолетних;

из Кодекса об административных правонарушениях в Уголовный кодекс перенесена статья за умышленное причинение легкого вреда здоровью;

исключается примирение сторон по преступлениям, связанным с насилием в отношении несовершеннолетних, а также в случаях совершения повторно в течение года после примирения по уголовным правонарушениям, предусмотренным статьями 108-1 - "Умышленное причинение легкого вреда здоровью" и 109-1 - "Побои" Уголовного кодекса;

исключается альтернативное наказание в виде ограничения свободы и устанавливается наказание в виде лишения свободы за деяния, направленные на умышленное причинение средней тяжести вреда здоровью и тяжкого вреда здоровью;

за насильственные действия сексуального характера в отношении малолетнего, совершение изнасилования в отношении малолетнего устанавливается наказание в виде пожизненного лишения свободы. Аналогичное наказание предусмотрено за убийство малолетнего лица;

вводится ответственность за приставание сексуального характера к лицам, не достигшим 16-летнего возраста;

предусматривается наказание за склонение к совершению самоубийства или содействие совершению самоубийства;

суд сможет устанавливать и применять особые требования к поведению лица, совершившего уголовное правонарушение.



# АЭС-ке қажетті уран қалай өндіріледі?

Атом электр стансасын салу мәселесі елімізде қызу талқыланып жатыр. Азаматтар мен кәсіби сарапшылар ауқымды жобаның артықшылығы мен пайдасын әрі қауіпсіздігін саралайды. Негізі, АЭС салудағы маңызды тетік – энергетикалық әлеуетті қамтамасыз ету. Өйткені мемлекетте қазірдің өзінде электр қуатының тапшылығы сезіліп отыр. Қажеттілік жылдан-жылға арта түспек. Сондықтан салада озық тәжірибеге сүйенген стратегиялық нысан керек. Ал салынған жағдайда, отын ретінде уран пайдаланылады. Маңызды металды өндіру үдерісімен тереңірек таныспаққа Астанадан шамамен 320 шақырым қашықтағы кен орнына барып қайтқан едік.

## Шикізатты шаймалау арқылы алады

Уран – ядролық отын өндірісіндегі нөмірі бірінші металл. Радиоактивті химиялық элементтің тауықтың жұмыртқасындай ғана бөлшегі 88 тонна көмірден алынатын электр қуатын бөледі. Біз аяқ басқан «Семізбай» кеніші 2006 жылдан бері жыл сайын шамамен 400 тоннадан аса уран өндіріп келеді.

«Табиғи өнімді өндіруде жерасты ұңғымаларын шаймалау әдісі пайдаланылады. Оның қоршаған ортаға әсері де төмен. Алғаш рет өткен ғасырдың алпысыншы жылдары қолданылды. Бұл қарапайым әрі қауіпсіз тәсіл үш кезеңнен тұрады – бұрғылау, өндіру және өңдеу. Кеніште мыңнан астам бұрғыланған ұңғыма бар. Олар екі түрге бөлінеді. Ерітінділерді сорғылау және сілтілеу үдерісінде арнайы реагенттерді құятын ұңғымалар. Уран кішкентай молекула күйінде жер астындағы минералдардың құрамында болады. Біз шикізатты жердің астынан қазбас бұрын, алдымен арнайы құбырлар арқылы геотехнологиялық полигондарда жібітіп аламыз. Яғни су ерітіндісі немесе зауыттан келетін балама ерітіндіні күкірт қышқылымен күшейтіп, құбырлар арқылы айдау ұңғымасымен жер қойнауына жөнелтеміз. Онда түрлі химиялық әдістер жүреді. Кейін кен орнындағы уран қатты күйден сұйық фазаға өткен соң, ұңғымалар жер бетіне тартып алады. Әрі қарай құбырлар арқылы өңдеу зауытына жеткізіледі», деп түсіндірді «Семізбай» кенішінің директоры Жомарт Теменұлы.

## Кеніш 2031 жылға дейін жұмыс істейді

Жыл бойы, 24 сағат үздіксіз жұмыс істейтін кеніштегі қызметтердің барлығы дерлік автоматтандырылған. Оны бақылау үшін кеніш полигонына жол тарттық. Компания өкілдері бұл маңда уран өндіру Оңтүстік кен орындарына қарағанда қиынырақ дейді. Өйткені жергілікті климатқа байланысты құбырлар жер бетінде біркелкі орналаспаған. Айшықтап айтарлығы, уран жерден шыққан соң, оның орнын өзге сұйықтықпен толтырудың қажеті болмайды.

«Әр ұңғыманың тереңдігі – 100-150 метр. Әрқайсысында қанша ерітінді құйылғаны, қаншасы сорылғаны есептеліп, арнайы дозиметрлерде көрсетіледі. Көп жағдайда жер астына құрамында аз концентрациясы бар қышқыл ерітінді-

ділері литріне 5-тен 25 грамға дейін айдалады. Құбырлар жер беті деңгейінен төмен орналасады. Сондықтан жұмыс қыста да қалыпты режимде жалғасады. Ерітінді аязда қатып қалмайды. Кеніштердегі уран өндірісі 30, 40, 50 жылға дейін жалғасуы мүмкін. Бұл бастапқы келісімшартқа және қордың көлеміне қарай жоспарланады. Біздің кеніш 2031 жылға дейін жұмыс істейді. Кен орнындағы өндіріс аяқталғаннан кейін міндетті түрде құбырлар жойылып, топырақ тексеріледі. Әдетте жер шөгіп, үйінділер



қалмайды. Ластану болмайды. Анықталғанның өзінде топырағы таза қабатқа дейін алынып тасталады. Осылайша, 3-5 жылдан кейін аумақ қайта қалпына келеді», деді кеніштің өндірістік-геологиялық департаментінің директоры Бертан Цой.

Жер астынан шығарылған уран десорбатын автоцистерналармен Степногор қаласындағы тау-кен химия комбинатына жөнелтеді. Зауытта ұнтаққа айналдыру үдерісі жүреді. Әрі қарай дайын өнім контейнерлерге салынып, экспортталады.

Бүгінде «Қазатомөнеркәсіп» уранды Қытай, Оңтүстік және Шығыс Азия, Солтүстік Америка мен Еуропа нарығына өткізеді. Былтырғы деректі бағдарласақ, ұлттық атом холдингінің сату көлемі 10%-ға өскен. Нәтижесінде, 1,4 трлн теңге табыс түскен. Таза пайда – 580 млрд теңге. Өйткені түсім бірнеше елдің компаниясы мен бірлескен кәсіпорындарына тиесілі. Олардың арасында біздің ұлттық компанияның үлесі 30-65%-ға тең. 2006 жылы «Семізбай-У» ЖШС үлесінің 49 пайызы қытайлық «Beijing Sino-Kaz Uranium Resources Investment Company Limited» компаниясына берілді. «Қазатомөнеркәсіп» ұлттық атом компаниясы 51 пайызын сақтап қалды.

**Сан салаға серпін береді**  
АЭС салатын болсақ, қажет-



ті шикізатпен қамтамасыз етуге мүмкіндігіміз бар деп тұжыруға болады. Энергия көзінің бұл түрі парниктік газ бөлмейді, энергия экологиялық таза жолмен алынады. Тіпті жел не күн электр

етеді. Жоғары технологиялық, ғылымды қажетсінетін технологиялар мен аралас салалардың жедел дамуына мүмкіндік береді. Құрылыс кезеңінде де шамамен 7-8 мың жұмыс орны ашылады. Жоғары білікті кадрларды даярлау отандық жоғары оқу орындары бағдарламаларының дамуына өкеледі. АЭС орналасатын ауданда инфрақұрылым дамиды. Жол, мектеп, аурухана және тұрғын үй секілді нысандар құрылысы жүреді. Демек атом электр стансасы тұрақты және сенімді энергиямен жабдықтауды қамтамасыз етеді. Бұл елдің энергетикалық инфрақұрылымын айтарлықтай нығайтады», дейді Энергетика министрлігі «Ядролық физика институтының» Ақсай филиалы радиациялық қауіпсіздік тобының инженері Айбар Омаров.

Бұл пікірмен келіспейтін экобелсенділер де бар. Табиғат жанашыры Светлана Могилюк атом стансасы қалыпты жұмыс істесе де, қауіпті нуклид, атомның бір түрі – тритий ауаға бөлінеді деген

ды», дейді эколог.

## Жаһан қайда бет алды?

Әлемде 730 миллионға жуық адам электр қуатына қол жеткізе алмай отыр. Тапшылық Африка мен Азияда қатты байқалады. Еуропада да сұраныс артып кетпеді. Әр ел мәселенің түйінін өзін-ше тарқатып жатыр. Бірі жел, күн сияқты жаңғырмалы энергия көздерінен өндіруді қолға алса, енді бірі атом электр стансаларына бет бұрған.

Қазір жер бетінде 58 атом реакторының құрылысы жүріп жатыр. 2030 жылға қарай операциялық реакторлар саны 437-ден 470-ке дейін артады. 2040 жылы 532-ге жетеді. Ал бізде былтыр қаңтар айында электр энергиясының тапшылығы 4,2 млн кВт/сағат, ақпанда 23,3 млн кВт/сағат болды. 2022 жылы тапшылық 8 ай бойы байқалды. Проблема оңтүстік өңірде өте өзекті. Мәселе өзирге басқа аймақтардан келетін электр қуаты есебінен және көрші Ресей-ден сатып алу арқылы өтеліп отыр.

Энергетика министрлігі 2030 жылға қарай елімізде электр энергиясы тапшылығы ұлғая түсуі мүмкін деп мәлімдеді. Қазір 220 электр стансасы жұмыс істеп тұр. Оның 144-і жаңғырмалы энергия көздерінде. Стансалардағы жабдықтардың 56%-ы орташа тозу деңгейінде.

Айта кетейік, былтыр БҰҰ-ның Климаттың өзгеруі жөніндегі «COP 28» конференциясында АҚШ пен Франция сияқты ең ірі атом державаларын қосқанда 20 мемлекет 2050 жылға қарай атом энергиясының қуатын үш есе арттыру туралы декларацияға қол қойды. 2022 жылы Еуропарламент климатты жақсарту және декарбонизация мақсаттарына жету үшін атом энергиясын «жасыл» энергия таксономиясына қосуды жақтап дауыс берді.

Еске салайық, еліміздегі АЭС салу мәселесіне қатысты жария талқылаулар әлі де жалғасады. Түбегейлі шешім осы жылдың күзінде жалпыұлттық референдум аясында шығарылады.

**Зейін ЕРҒАЛИ,**  
**«Егемен Қазақстан».**



уранның үлкен қоры бар. Жыл басынан бері уран өндіру көлемі шамамен 11 мың тоннаға жетті. Оның ішінде сату көлемі 8 мың тонна болды. Бұл атом энергетикасын дамытуға тамаша жағдай жасайды. Электр энергиясына сұраныстың артуы жағдайында, әсіресе өнеркәсіптік аймақтарда көмір мен газ көздеріне тәуелділік төмендейді. Сондай-ақ АЭС салу ғылым, білім, әлеуметтік салаға оң мультипликативтік әсер

көзқарасын жеткізді.

«Алматы облысындағы Үлкен ауылында қоғамдық талқыда атом энергиясының зияны жоқ екенін айтып, құрылыс өңірге пайдалы болады деген мәлімдемелерді ғана естідік. Тәжірибелі эколог ретінде атом стансасының қауіп жоғары болатынын білемін. Әуелі апаттың ықтималдылығына назар салу қажет. АЭС-тен бөлек электр қуатын алатын баламалы мүмкіндіктерді қарастыру қажет. Олар әлдеқайда қауіпсіз бола-

# Интернет: Баланы сақтандыру кеңесі

Оқу жылы жақындап келеді. Бұл күнде балаларды мектепке дәптер-қаламымен ғана емес, жеке техникасын да (телефон, смартфон, планшет, ноутбук, тағысын тағы) сайлап дайындайтын болғанбыз. Себебі баламен байланыста болу керек, одан қалды оқушыларға берілетін кейбір тапсырманы орындау техниканы қажет етеді. Әйтеуір әр балада интернетке қосылған бір техника бар. Ал олардың интернеттегі қауіпсіздігін қамтамасыз етіп отырмыз ба?



тіңіз. Балаңыздың құрылғыларды қонақ бөлмесі сияқты ортақ бөлмелерде қолдануын құптайтыныңызды білдіріңіз;

Балаңыздың құрылғысына қауіпсіз қосымшалар жүктеп беріңіз. Балаларды түрлі қосымшаны өз бетінше жүктеуден сақтап, онлайн сауда жасау мүмкіндігін өшіріп қойыңыз;

Браузерде немесе басты экранда позитивті бастапқы бет жасаңыз. Бұл бала үшін қолайлы ресурстар (YouTube Kids, білімдік ойындар); экран

Көп ата-ана, әсіресе цифрлық жаңашылдықтардан хабарсыз ересектер немесе телефонның тілін толық түсінбейтін егде жастағы жандар «Телефондағы баланы бақылауға бола ма?» деген сұрақты жиі қояды. Олар көбіне үйдегі кішкентайлардың смартфонды рұқсатсыз алатынын немесе еріксіз беруге мәжбүрлейтінін айтады, сондайда балалар кейбір қажетсіз интернет ресурстарға кіріп кетеді. Мұндай жағдайда не істеу керек? Осы және өзге де сұрақтарға жауап табу үшін ата-аналар мен жоғарыдағы мәселе мазалап жүрген оқырмандарға баланың интернеттегі қауіпсіздігін қамтамасыз ету жолдары туралы пайдалы ақпаратты ұсынамыз.

Ата-аналардың арасында смартфондағы «Ата-ана бақылауы» деп аталатын функцияның барын білмейтіндер жиі кездеседі. Шын мәнінде бұл – баланың интернеттегі қауіпсіздігін қамтамасыз етудің ең бастапқы әрі тиімді жолы. Аталған функция Android және iOS операциялық жүйелерінде бар. Дәл осы функция арқылы баланың қарайтын контентін, гаджетті қолдану уақытын шектеуге, қайда жүргенін білуге болады. Тарқатып айтсақ, «Ата-ана бақылауының» көмегімен жағымсыз сайттар мен қосымшаларды бұғаттауға, кілт сөздермен іздеу тапсырмаларын сүзгі-ден өткізуге, интернеттегі уақытты шектеуге, спам, вирус және алаяқтық әрекеттерден қорғау мақсатында әлеуметтік желілер мен хат алмасуды бақылауға, құрылғының (баланың) геолокациясын көруге мүмкіндік бар.

Осы мәселеге орай Оқу-ағарту министрлігіне қарасты Балалардың құқық-тарын қорғау комитеті ата-аналарға кеңестер кешенін ұсынды.

Баланың интернеттегі қауіпсіздігін қамтамасыз ету жолдары жөніндегі кеңестің алғашқысы 0-5 жастағы балалардың ата-аналарына арналған.

Мұнда ата-аналарға:

«Бала пайдаланатын үйдегі барлық құрылғы мен балалар планшетіне ата-ана бақылауы қызметін орнатыңыз;

Балаңызға өз аккаунтыңызға байланған бөлек есептік жазба құрыңыз;

Гаджеттерді қолдану ережесін бекі-

бала күтуші емес, балаңыздың цифрлық ортасын саналы да, саламатты етіңіз», делінген.

Ал министрлік 6-10 жастағы балалардың ата-аналарына ұсынған кеңес «Алғашқы смартфон» деп аталыпты. Мұнда балаға жаңа смартфон әпергенде әуелі оны баптап беруді ескерткен. Оны баламен бірге жасауды ұсынған. Мысалы, телефонға құпиясөзді баламен бірге орнату, геолокация және іздеу функцияларын қосу секілді әрекеттерді бірлесе орындауға болады. Сонымен қатар осы жастағы балалардың ата-аналарына баланың смартфондағы ата-ана бақылауы сервисін қолданып, онлайн белсенділігін, жүрген жолын бақылауға, жағымсыз контентті шектеуге кеңес берген.

Осыған қоса кеңесте: «Балаңыз үй компьютерін қолданып, сабақ оқу барысында ата-анасына және отбасының басқа мүшелеріне арналған контентке тап болмауын қадағалаңыз. Гаджеттерді үйде, мектепте, демалыс кезінде т.б. қолдану ережелерін жасаңыз. Интернетті қайда, қашан, қанша уақыт қолдануға, өзі туралы қандай ақпаратты бөлісуге болатынын белгілеп беріңіз. Өзіңіздің жеке құрылғыларыңыз бен есептік жазбаларыңызды, мобильді банкинг қосымшаларын құпиясөзбен қорғаңыз, балаңыз бұл деректерді кездейсоқ немесе әдейі қолданып жүрмесін», делінген.

11-13 жастағы балалардың ата-аналарына арналған кеңеске «Әлеуметтік желідегі алғашқы аккаунт» деген тақырып таңдалыпты. Кеңестер легіне келсек, мұнда ата-аналарға әлеуметтік желі нормалары мен ережелерін елеусіз қалдырмауды, өйткені танымал платформалардың көбінде 13 жастан бастап қана тіркелуге рұқсат етілгені ескертілген. Ал егер бала әлеуметтік желіні қолдана бастаса, оның аккаунтын ата-ананың есептік жазбасына байлауды ұсынған. Себебі бұл бала аккаунтының, жеке хабарламаларының баптауларын реттеуге, геобелгілерді алып тастауға көмектеседі. Аталған жастағы балалардың ата-аналарына: «Жасөспіріммен оның онлайн өмірі туралы әңгімелесіңіз. Оның қандай сайттарға кіретінін, қандай ойындар ойнайтынын, кіммен қандай

платформаларда сөйлесетінін біліңіз. Балаңызға онлайн абыройдың не екенін және жөн-жосықсыз белсенділіктің қалайша цифрлық ортада жағымсыз із қалдыратынын, онлайн этикеттің маңыздылығын түсіндіріңіз. Буллинг, қорлайтын, намысқа тиетін хабарламалар, өсек-аяң шынайы өмірде де мәселе туындатуы мүмкін. Балада сыни ойлау мен медиасауатты дамытуға көмектесіңіз. Фейктер мен айла-шарғыларды ажыратуды үйретіңіз. Желіде кейбір адамдар фейк парақшамен отыратынын айтыңыз. Балаңызға сіздің рұқсатыңызсыз ешбір виртуалды танысымен кездесуге, өзі және басқа адамдар туралы жеке мәліметтерді жариялауға болмайтынын айтыңыз», делінген.

14+ жастағы балалардың ата-аналарына кеңес «Азырақ бақылау – көбірек сенім» деп аталған. Бұл жастағы балалардың ата-аналарына да бөріне айтылғандай, ата-ана бақылауы функциясын қолдануды ұсынған, тек балаңыз есейген сайын оның құрылғыларындағы өзіңіз баптайтын параметрлерді азайтуға болатынын ескерткен. Осыған қоса: «Балаңызға цифрлық сауаттылықты және цифрлық тәртіпті үйретіңіз. Желідегі сексуалды жарнама мен кибербуллинг қауіпі туралы айтып беріңіз. Балаңыз қолданатын әлеуметтік желілердің нұсқаулықтарын бірге зерттеңіз. Әлеуметтік желінің алгоритмдері оның түрлі мәселелердегі көзқарасына қалай ықпал ете алатынын айтып беріңіз. Балаңызға желідегі жеке деректерді, оның ішінде банк картасының деректерін, аккаунт құпиясөздерін қорғауға көмектесіңіз. Жария етуге болмайтын мәліметтердің нақты тізімін (үйдің, мектептің, ата-анасының жұмыс орнының және басқаларының мекен жайын) жасаңыз. Балалардың көруіне тыйым салынған және жағымсыз контент туралы, оларды неліктен көруге болмайтынын айтып беріңіз. Заманауи технологиялар шынайы ақпараттан ажырата алмайтын фейктер жасай алатынын түсіндіріңіз. Виртуалды достармен танысу ережелерін құрыңыз (анонимдермен сөйлеспеу, жеке деректерді жария етпеу, ата-ананың рұқсатынсыз ешкіммен кездеспеу және басқалары). Балаңыздың виртуалды және шынайы өмірі туралы сөйлесіңіз. Сенімге құрылған жаймашуақ қатынаста болыңыз. Пайдалы істерді, демалысты және ойынауықты мөлшерлей білуді үйретіңіз», делінген.

Оқырмандар байқаса, Комитеттің кеңестер кешенінің біріншісі 0-5 жастағы балалардың ата-аналарына арналған. Иә, бесіктен белі шықпаған балаға да «Телефонсыз тамақ ішпейді» деп смартфон беріп қоятындарды көзіміз көріп жүргендіктен, 0-5 жастағы балалардың ата-аналарына да жоғарыдағыдай кеңестің керегі анық. Алайда біз газетіміздің 2024 жылғы 23 сәуірдегі нөмірінде жарияланған «Телефонға телінген тәрбие» атты көлемді материалымызда кеңінен тарқатып жазғанымыздай, Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының бекіткен ұсынымына сәйкес 2 жасқа дейінгі балаларға экран алдында уақыт өткізуге мүлде болмайтынын еске салғанымыз келеді. Ал 2-6 жасар балалардың экран алдында өткізетін уақыты күніне 1 сағаттан аспауға тиіс. 7-12 жас аралығындағы балалар экран алдында 2 сағаттан артық отырмауы керек. Әр 20-30 минут сайын көзді демалдырып, қимылды ойын немесе іс-әрекетке алмастыру керек.

**Айдана ШОТАЙБАЙҚЫЗЫ,**  
журналист.



## Шәкіртке ең алдымен тәрбие беруіміз керек

Адам жан дүниесінің кемел, ісінің кенен болуы үшін оған ең алдымен терең тәрбие, телегей тәлім һәм бабалардан алтын арқауы үзілмей жеткен тағылым қажет. Өнердің тазасын, баяндысын бойына дарыту керек. Бұл орайда кемеңгер қазақ халқы «Тәрбие – тал бесіктен...» деп айрықша айшықтап атап өткен.

Шындығында әрбір баланы жас құрақтай жайқала бастаған шағынан тәрбиелеу аса қажетті құндылық. Әсіресе, «Жер бесіктен – тал бесікке дейін» деп келетін өмірдің өлшеулі қашықтығындағы нысаналы білім мен нақтылы тәрбиені балаға, өскелең ұрпаққа бағыттау – ұлттың мыңжылдық болашағына жасалар баянды бағдар деп білеміз.

Тәрбие де биік әрі алып бәйтерек секілді. Оның да сан бұтағы, жапырағы, шыбықтары бар. Тіпті, әлемнің дамыған елдерінде музыка тыңдау мәдениеті қалыптасқан. Олар симфония, саз, ән мен күйді тыңдаудан айрықша ләззат алады. Өмірінің қалтарыс-бұлттарысында ғана емес, арнайы уақыт бөліп операға, симфониялық оркестрлердің концертіне барады. Ал мұны олар қалай қалыптастырған дерсіз, әрине бала жастан салтанатты сарайларға ұрпағын ертіп апарып, олардың бойына өз ұлтының «Үкілі Ыбырайы», «Біржан Салдарының» әнін, «Тәттімбет», «Диналарының» күйін құяды. Сол арқылы жас құрақтай желек атқан шағынан балаларын саз ырғағына қанықтырып, өз ұлтының мақтаныштарының ұлттық нақыштағы әуенімен ауыздандырады.

Адам жан дүниесін сыйқырға бөлейтін, көңілді көктем ететін, жан күйін көкжиекпен астастыратын музыканың қаншалықты терең тәрбие құралы екенін білген қазақ халқы, баланы «Әлди» әнмен жөргекке бөлеген. Бесік жырымен құндақтаған. Ендеше қазақ халқын музыкадан кенже қалды деп айыптап, тәрбиесінің құралы ретінде қарастырмаған деп айта алмаймыз.

Сайын даласының төсінде сазы қалықтаған, әр сайына ән қонып, әр бұтасына жыр ұялаған қазақ халқының өмірі де, еткен еңбек, сүрген тірлігі де тәтті күй секілді. Бірде бойды шымырлататын нәзік саз, бірде көңілді асқақтататын ән іспетті. Басынан бақайшығына дейін тәрбиенің ең асылымен қаруланған біздің кемеңгер бабалар сол әннің асқағын, күйдің керімін ұрпаққа мұра етіп қалдырды. Ендеше, біз де сол музыка өнерімен ұрпақты лайықты түрде тәрбиелей білуіміз керек.

**Ж.АУКЕНОВА,**

**С.Иманасов атындағы орта мектебінің физика пәнінің мұғалімі.**

# В рамках защиты прав детей в Казахстане

В нашей стране задаются актуальные вопросы, волнующие общество, профессионалам, которые точно знают ответ. В этот раз спросили о правах детей и о том, что делать с такими проблемами, как суицид и насилие в семье.

## Как защищают права детей в Казахстане?

Отвечает Ю. Оксамитный, председатель детского фонда ООН (ЮНИСЕФ) в Казахстане.

### - Есть ли какая-то задача №1 для нашего региона?

Ю.О: ЮНИСЕФ занимается и здравоохранением, и образованием, и питанием, и социальной поддержкой, особое внимание уделяется детям, находящимся в уязвимой ситуации, детям, не имеющим возможность жить в семейном окружении, детям с особенностями психического и физического развития. Есть дети в контакте с законом, раньше их называли «в конфликте с законом». Вот для детей в контакте с законом мы сейчас разрабатываем проект дружественного ребенку правосудия, то есть ребенка не наказывать, а помочь осознать глубину своего проступка. Ему нужно помочь вернуться в нормальную жизнь без того, чтобы его направлять в какое-то интернатное учреждение или колонию. Кстати, в Казахстане только одна колония для несовершеннолетних, она находится в Алматы — я там был, общался с ребятами. Там всего 50 детей-подростков, но эти 50 — это вершина айсберга. Как помочь этим детям? Они ведь потом могут уйти в криминал, в рецидив, во взрослую преступность. Это большая проблема, и если вы с этим не сталкиваетесь, то это не значит, что этого нет на самом деле.

### - Как обстоит ситуация с насилием над детьми?

Ю.О: Многие не знают в Казахстане, что такое насилие, что такое ненасилие. Спрашивают: а если ребенка ударить в воспитательных целях — это насилие? Да, это насилие! Вы же не пойдете на улицу, случайного человека не ударите вот так просто по затылку? А ребенка можно, получается?

Неправильно считать легкие телесные наказания методом воспитания. Нельзя ребенка оскорблять, нельзя обижать — это самое простое правило. Не потому что это правильно, а потому что это легко. Ребенка легко унижить, он не может ответить, не может дать сдачи. Родители потом очень удивляются, когда ребенок вырастает и дает сдачи, возвращает то, что родители в него вложили — ремнем



или наказанием. Но даже не в этом дело. Мы провели исследование о том, как люди относятся к насилию, и очень много людей — больше 50 процентов — не считают шлепок или подзатыльник насилием. Но это мешает развиваться ребенку, это унижает человеческое достоинство. Развитие любой цивилизации направлено на то, чтобы создавался какой-то высокоразвитый во всех отношениях индивидуум, человек. А если ребенка бьют, унижают, он потом будет своих детей унижать. Многие насильники подвергались насилию в детстве. Те, кто пострадали в детстве, хотят во взрослой жизни если не отомстить, то это зло вернуть назад.

Мы подготовили сейчас двухтомник — как воспитывать ребенка от 0 до 3 лет и от 4 до 7. Простые понятные правила — что ребенка нужно любить, обнимать, что с ним нужно играть, ему нужно читать.

В Казахстане сейчас только 6% отцов занимаются с ребенком. В основном ребенок — материнская забота.

Десятки тысяч людей в Казахстане не платят алименты. Не то, что не занимаются с ребенком, а и денег не дают, чтобы он нормально поел или купил какую-то книжку. А нужно, чтобы дети чувствовали, что отец находится рядом — что он проводит с ними время.

### - В 2016 году было сказано, что Казахстан занимает второе место в мире по смертности от суицидов среди несовершеннолетних. Что с этим делать?

Ю.О: Проблема подросткового суицида стоит очень остро, но здесь трудно проводить какие-то сопоставления. В разных странах разная статистика, не везде учитываются все случаи суицида. Не всегда есть прозрачность и

жесткая учетность. В Казахстане хорошая, современная система статистики, и все попытки суицида, завершенные и незавершенные, фиксируются.

Очень трудно здесь говорить про какое-то место, которое Казахстан занимает в мировой статистике, это же не Олимпийские игры. Условия жизни разные, и люди, и семьи, и ситуации. Проблема актуальна для всех стран. Я встречаюсь с представителями других государств, и когда мы говорим об этом — реакция всегда «Ой, а я думал, это у нас так». Это везде.

Казахстан одной из первых стран обратил внимание на эту системную проблему и обратился к нам за помощью. Мы совместными усилиями разработали сложную систему, которая сейчас внедряется в Кызылординской области и дает хорошие результаты — 20-30% сокращение числа подростковых суицидов. Подростковый суицид, как и суицид в целом, не существует сам по себе, он связан с нашими условиями жизни, с окружением. Раннее развитие ребенка, отношение родителей к ребенку, отношения в школе, как ведут себя учителя — это тоже важно. Большое развитие получает психологическая служба — как школьная, так и общегосударственная. Самое важное — раннее выявление признаков, характерных для того, кто собирается совершить суицид. Ребенок или подросток, который имеет склонность к совершению суицида, это каким-то образом показывает. И вот этого ребенка нужно выявить и помочь ему. Сейчас создана горячая линия — 111 — куда каждый ребенок может позвонить и сказать о том, что его беспокоит. Мы занимаемся ее профессионализацией, чтобы все звонки шли именно туда, куда надо.

Удивительно только, что в то время, когда столько внимания уделяется суицидам, все забывают про ДТП. А это одна из основных причин детской и подростковой смертности и инвалидности. ДТП — это когда ни с того, ни с сего дети гибнут. Для нас важно смотреть на картину в целом, и объединять усилия всех партнеров — НКО, государства, региональных партнеров.

### - Это все же печальная картина. Может, есть прогресс в каких-то других сферах?

Ю.О: Есть и положительные изменения. Младенческую и детскую смертность за 25 лет независимости сократили в три раза, но эти показатели все еще немного выше, чем в странах Организации экономического сотрудничества и развития.

задумайтесь: главный показатель страны — это не количество заводов и фабрик, не сколько нефти добывается, и не сколько газа перекачивают по трубам. Это количество детей и подростков, которые умирают. Поэтому снижение смертности — это приоритетная задача.

С точки зрения менталитета все меняется. Раньше человек зарабатывал первые деньги и покупал телевизор побольше. Если еще больше денег зарабатывал — мерседес брал подержанный. Сейчас родители начинают понимать, что образование для детей очень важно, и они начинают вкладывать деньги в учебу ребенка, потому что это единственное, что мы можем нашим детям дать. А человек с хорошим образованием уже не пропадет.

В Казахстане высокая степень прозрачности и готовности решать сложные, чувствительные вопросы. Решение проблем суицида и насилия в семье важно, но это не единственные проекты, которыми мы занимаемся. Много других проблем — адаптация

особенных детей, инклюзивное образование — такие примеры тоже есть, просто о них не известно. Особенных детей не обижают, им помогают, и остальные дети становятся добрее друг к другу. А если общество станет добрее, проще станет решать и многие другие вопросы.

### - С какими новыми вызовами сталкиваются дети в наше время?

Ю.О: Раньше мир был понятнее, проще. Я закончил школу, поступил в университет, потом в аспирантуру, потом пошел работать. Детям сейчас гораздо сложнее, уже по этим рельсам не поедешь. Что будет через пять лет с нынешними темпами прогресса — понять невозможно. Поэтому мы сейчас в ЮНИСЕФ пытаемся понять, как можно современные технологии внедрить для решения социальных проблем.

### - Что нужно учитывать при работе с защитой прав детей?

Ю.О: Очень важно, чтобы учитывалось мнение детей и подростков по вопросам, которые касаются непосредственно их благополучия. Чтобы дети сами помогали нам решать их проблемы. Зачастую мы за детей решаем, что для них хорошо, а нужно слушать и то, что они сами говорят об этом.

Мы сюда в Казахстан привносим интересный международный опыт, но не все работает. Что-то нужно адаптировать под национальные условия. В то же время, те подходы, которые мы здесь нарабатываем, интересны другим странам. Это долговременная работа, и растущую роль здесь играет общество — учителя, психологи, сами подростки.

Нужно, чтобы общество было более устойчивым. Чтобы люди не ждали, что кто-то придет и за них какие-то вопросы решит, как они привыкли. Нужно самому в большей степени о себе заботиться. Очень важна социальная ответственность бизнеса. Чтобы главы компаний делали добро не из целей самопиара, не для того, чтобы привлечь внимание к своему банку, а чтобы они реально принимали участие в социальной жизни страны. У нас много обращений с предложениями помощи, но далеко они не идут. Системной поддержки больших проектов, направленных на развитие детей, женщин, сокращение материнской смертности — этого нет. Конечно, есть проблемы, которые нужно решить, но нерешаемых вопросов нет. Общество здесь хорошее, но хочется, чтобы оно было еще лучше.

**Ш. АСИНА.**  
(в статье приведены данные Esquire.kz)

Алақол аудандық мәслихаты  
ШЕШІМ

2024 жылғы

№ \_\_\_\_\_

Ушарал қаласы

Жетісу облысы Алақол ауданында коммуналдық қалдықтарды басқарудың 2024-2029 жылдарға арналған бағдарламасын бекіту туралы

Сәйкес Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексінің 365-бабының 3-тармағының 1) тармақшасымен Алақол аудандық мәслихаты **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы шешімнің қосымшасына сәйкес Жетісу облысы Алақол ауданында коммуналдық қалдықтарды басқару жөніндегі 2024-2029 жылдарға арналған бағдарлама бекітілсін.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі басылымдар.

Аудандық мәслихаттың төрағасы **Д. КАРИМОВ.**

## Решение

## Алакольского районного маслихата

2024 года

№ \_\_\_\_\_

город Ушарал

Об утверждении программы по управлению коммунальными отходами в Алакольском районе области Жетісу на 2024-2029 годы

В соответствии с подпунктом 1) пункта 3 статьи 365 Экологического кодекса Республики Казахстан, Алакольский районный маслихат **РЕШИЛ:**

1. Утвердить программу по управлению коммунальными отходами в Алакольском районе области Жетісу на 2024-2029 годы согласно приложению к настоящему решению.

2. Настоящее решение вводится в действие по истечении десяти календарных дней после дня его первого официального опубликования.

Председатель районного маслихата **Д. КАРИМОВ.**

## Жарамсыз

## ыдыстарды жою

**Пестицидтар – өсімдіктерді зиянкестерден, паразиттерден, арамшөптерден, аурулардан және микроорганизмдерден қорғау үшін қолданатын химиялық қосылыстар.**

Пестицидтердің адам организмине зиян екенін, табиғи процестерді бұзып, қоршаған ортаны ластайтынын ескеріп, оны өте сақтықпен пайдаланған жөн.

Қазақстан республикасының 2002 жылғы 3 шілдедегі «Өсімдіктерді қорғау туралы» заңына және Қазақстан Республикасы Ауылшаруашылығы министрінің 2020 жылғы 8 маусымдағы «Өсімдіктерді қорғау құралдарының (пестицидтердің) қауіпсіздігі туралы техникалық регламентті бекіту туралы» бұйрығына сәйкес тийім салынған, жарамсыз болып қалған пестицидтер, олардың ыдыстары, сондай – ақ пайдаланылған пестицидтердің ыдыстары белгіленген тәртіпке сәйкес залалсыздандыруға жатады. Залалсыздандыруға (көдеге жаратуға, жоюға) пайдала-

нуға жарамсыз пестицидтер (улы химикаттар) жатады. Көрсетілген пестицидтерді Қазақстан Республикасының және олардың ыдыстарын залалсыздандыру (көдеге жаратуға, жою) пестицидтердің (улы химикаттардың) иесінің қаражаты есебінен жүргізіледі.

Жарамсыз пестицидтерді (улы химикаттарды) тиеумен, тасымалдаумен және түсірумен байланысты барлық жұмыстар механикаландырылған болуы тиіс. Пестицидтерді (улы химикаттарды) және олардың ыдыстарын тасымалдаған кезде жүргізуші мен жүкті апарушы тұлғадан басқа бөтен тұлғалардың қатысуына жол берілмейді.

Жоғарыда айтылған мәселе бойынша аудандық аумақтық инспекциясының өсімдіктерді қорғау және карантині жөніндегі инспекторына хабарласып, кеңес алсаңыздар болады.

**Ж.М.АКИМБАЕВА,**

**Аудандық аумақтық**

**инспекциясының**

**өсімдіктерді қорғау және**

**карантині жөніндегі мемлекеттік**

**инспекторы.**

## Адам папиллома вирусы

Адам папиллома вирусы – дененің әртүрлі бөліктерінің терісі мен шырышты қабаттарын зақымдайтын вирустар тобы. Ол жылдам таралуға қабілетті, қатерлі ісікті өзгеруге әкелетін қоздырғышқа айнала отырып, қатерлі ісік тудыратындығымен қауіпті.

Кейбір жағдайларда инфекция папилломалардың (сүйел) пайда болуына алып келеді.

Адам папиллома вирусының адамнан адамға берілу жолдары:

- тұрмыстық байланыс арқылы (қол алысу, терінің зақымдануы жолымен). Вирус ылғалды ортада тез таралады, сондықтан қоғамдық орындарға — сауна, монша, спорт залдар, дәретхана, бассейндерге барған кезде мұқият болу керек;

- жыныстық қатынас арқылы;
- бала туу кезінде тікелей

жолмен (анадан сәбиге босану жолдарымен өтуі кезінде беріледі);

– өзіне-өзі жұқтыру арқылы (көбіне қырыну немесе эпиляция кезінде вирустың дененің бір аймағынан екіншісіне ауысуы).

АПВ-инфекциясы бүкіл әлемде ең көп таралған инфекция болып табылады. Әр адамда АПВ инфекциясын жұқтырудың 80% ықтималдығы бар, яғни 10 ер мен әйелді шамамен 8-і өз өмірінің қандай да бір сәтінде бір немесе бірнеше типтегі АПВ инфекциясын жұқтырады, АПВ инфекциясының ең жоғары таралымы 25 жасқа дейінгі ерлер мен әйелдерде байқалады.

АПВ-ның әртүрлі типтері дененің әр алуан бөліктерін зақымдайды және обыр гениталий сүйелдері немесе тыныс алу жүйесінің ауруларымен

қоса, әртүрлі ауруларға алып келуі мүмкін.

АПВ-ның кез келген типі туғызған инфекциялардың көпшілігі симптомсыз өтеді және 12-24 ай ішінде өз бетінше элиминацияға ұшырайды.

Ең тиімді қорғану әдісі – вакцинация. Вакцинамен қорғануға болатын – жалғыз қатерлі ісік түрі – бұл жатыр мойны обыры. Халықаралық тәжірибеде жүзден астам елде, соның ішінде ұлдар арасында АПВ вакцинасы енгізілген. Бұл мемлекеттерде жатыр мойны обыры 90%-ға төмендеген.

**С.ҚОЖАХАНОВ,**  
**Алақол аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқарма басшысы.**

## Жаңа жүйе іске қосылды

«Е-Saqtandyru» АЖ қысқа мерзімде әзірленіп іске қосылды және Қордың негізгі қызметін цифрландыру процесінің ажырамас бөлігі болып табылады.

**Жаңа ақпараттық жүйемен не өзгерді?**

Қордың медициналық көмекке ақы төлеудің жаңа жүйесі медициналық ұйымдармен шарттық қатынастарын жүргізу процестерін оңтайландыру және медициналық көмекті үздіксіз қаржыландыруды қамтамасыз ету мақсатында құрылған. Бұрын Қордың жеке төлем жүйесі болмаған, тек медициналық көмекті тұтынуды есепке алу жүйесі болған. Бұл медициналық көмекті қаржыландырудың кешігуіне әкелді.

«Saqtandyru» АЖ енгізу медициналық ұйымдарға шарттарды басқару процесін жеңілдетеді. Егер бұрын медициналық ұйымдар әртүрлі ақпараттық жүйелерде шарттар мен төлем құжаттарын (МӘМС және ТМККК бойынша бөлек) қалыптастырған болса, қазір «e-Saqtandyru» жаңа жүйесін енгізудің нәтижесінде, бұл процесс бір ақпараттық жүйеде бір шартқа дейін жеңілдетілді.

**Іске асырудың алғышарттары**

2024 жылғы 1 қаңтарда Қор төлем құралдарынсыз қалып, Қордың негізгі міндеттерін уақтылы орындау үшін үздіксіз жұмыс істемеу қауіпі туындады. Сондықтан 2024 жылдың басынан бастап Қор штаттық ақпараттық технология мамандарының күшімен «Saqtandyru» ақпараттық жүйесінде төлем функционалын әзірлеуге кірісті.

Осы жылдың наурыз айында ақпараттық жүйелердегі пысықтауларға байланысты ҚР Денсаулық сақтау министрлігі мен Қордың басшылығы аванс мөлшерін стандартты 30%-дан 70%-ға дейін, ал жаңа медициналық қызмет көрсетушілер үшін – 30%-ға дейін ұлғайту жөнінде бұрын-соңды болмаған шаралар қабылдады (бұрын жаңа ұйымдар үшін аванс төленбеген, аванс төлеу мүмкіндігін жасау үшін заңнамаға тиісті өзгерістер енгізілді).

**«Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАҚ Жетісу облысы бойынша филиалы.**

## Хабарландыру

2 ақпан 2024 жылы қайтыс болған 08 03 2024 жылы туған Амраев Сейтбол Нұрахметкановицтің мұрагерлік ісі ашылды. Барлық мұрагерлерді Жетісу облыстың нотариаттық округінің нотариусы А. М. Майлыгуловқа хабарласуын сұраймыз, тел 8701 130 7380

## Объявление

У нотариуса нотариального округа области Жетісу Капашевой Анар Сериковны, в производстве имеется наследственное дело в отношении гр. Бельгибаева Арына, умершего 05 мая 2004 года, ранее проживавшего по адресу: область Жетісу, Алакольский район, город Ушарал, ул. Алибаева, дом №85.

В связи с чем прошу обратиться его наследников по адресу: город Ушарал, ул. Г.Безродных здание №22 Б. Алакольский район, область Жетісу. Тел.: 87026897686, 87005897686.

У нотариуса нотариального округа области Жетісу Капашевой Анар Сериковны, в производстве имеется наследственное дело в отношении гр. Коробкина Сергея Сергеевича, умершего 25 апреля 2020 года, ранее проживавшего по адресу: область Жетісу, Алакольский район, город Ушарал, ул. Богенбай батыра, дом №144.

В связи с чем прошу обратиться ее наследникам по адресу: город Ушарал, ул. Г.Безродных здание №22 Б. Алакольский район, область Жетісу. Тел.: 87026897686, 87005897686.

У нотариуса нотариального округа области Жетісу Атутановой Мәдины Шыңғысханқызы, в производстве имеется наследственное дело в отношении гр. Тананова Мурата Алибаевича, умершего 04 августа 2024 года, ранее проживавшего по адресу: область Жетісу, Алакольский район, поселок Достык, ул. Калдаякова, дом №17.

В связи с чем прошу обратиться его наследников по адресу: область Жетісу, Алакольский район, город Ушарал, ул. 8 Марта №66 (напротив здание ЦОН-а).

У нотариуса нотариального округа области Жетісу Атутановой Мәдины Шыңғысханқызы, в производстве имеется наследственное дело в отношении гр. Госс Вадима Владимировича, умершего 03 августа 2024 года, ранее проживавшего по адресу: область Жетісу, Алакольский район, село Булақты, ул. Маметова, дом №3.

В связи с чем прошу обратиться его наследников по адресу: область Жетісу, Алакольский район, город Ушарал, ул. 8 Марта №66 (напротив здание ЦОН-а).

У нотариуса нотариального округа области Жетісу Атутановой Мәдины Шыңғысханқызы, в производстве имеется наследственное дело в отношении гр. Кызайбаевой Айгуль Жумашевны, умершей 12 августа 2024 года, ранее проживавшего по адресу: Жетісу, Алакольский район, город Ушарал, ул. Кажымукан, дом №5.

В связи с чем прошу обратиться ее наследника по адресу: область Жетісу, Алакольский район, город Ушарал, ул. 8 Марта №66 (напротив здание ЦОН-а).

Открыто наследство на умершую 27 мая 2019 года гр. Золину Марфу Ивановну, 04 февраля 1930 года рождения. Всех наследников просим обратиться к нотариусу нотариального округа области Жетісу Майлыгулову А.М. по адресу: область Жетісу, Алакольский район, село Кабанбай, улица Абылай хана, дом 115.

Меншік иесі:  
«Алақол айнасы» ЖШС-і.

Құрылтайшы:

Ғалым АЗАТҰЛЫ

Директор - Ғалым Азатұлы

Бас редактор - Алмат ЕСЕНБЕКОВ.

Телефондар:

Директор: 3-52-63

Бас редактор: 3-52-68

Бас редактордың орынбасары: 3-51-74

E-mail: alakred@mail.ru

Сайт: alakol-aynasy.kz

Газет аптасына бір рет сенбі күні қазақ және орыс тілдерінде шығады

Газета выходит один раз в неделю в субботу на казахском и русском языках

Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінде 2021 жылғы 24 желтоқсанда тіркеліп, №КЗ34VPY00044522 куәлігі берілген.

Ушарал қаласы, Жеңіс көшесі, 129. ИНДЕКС: 040200.

Осы шығарылымның таралымы 3071

Газет «Алақол баспагері» жеке кәсіпкерлігінде басылады. Инд.: 040200. Ушарал қаласы, Жеңіс көшесі, 129. Тел.: 3-52-84.